



16 қаңтар, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

«ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АЛДЫМЕН ПАРЛАМЕНТТЕ ТАЛҚЫЛАНУҒА ТИІС»



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VII шақырымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысып, сөз сөйледі.

Президент сессияға қатысушыларды сайлаудың аяқталуымен құттықтап, жаңа құрамдағы Мәжіліс депутаттарына табыс тіледі. Өткен шақырылымдағы халық қалаулыларына ойдағыдай қызмет атқарғаны үшін ризашылығын білдірді.

– Бес жылға жуық уақытта Парламент қабырғасында 410 заң қабылданды. Депутаттар өздерінің

заңға бастамашылық ету құқығын пайдаланып, 60-қа жуық заң жобасын дайындады. Бұл – осыған дейінгі бес шақырылым депутаттарының бастамаларын қоса алғанның да көп. Жаңа депутаттар алдыңғы әріптестерінің осы қарқынның сактай отырып, анағұрлым жемісті жұмыс істеуі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент құрамы жаңғырған жаңа Мәжілістің қызметке кірісуі еліміз

үшін символдық мәні бар екі оқиғаның тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Ол – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы мен қазіргі заманғы Қазақстан парламентаризмінің ширек ғасырлық белеске жеткені. Мемлекет басшысы осы тарихи кезеңде сенім мандатына ие болған депутаттар халық үмітін ақтап, Отанымызға адал қызмет ететініне сенім білдірді.

– Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кешенді реформалар жүргізілетін болады. Барлық күш-жігерімізді тиімді мемлекет пен әділетті қоғам құруға жұмылдыруымыз керек. Басты басымдық – халықтың тұрмыс сапасын

жақсартып, әл-ауқатын арттыру. Жұрт жасанды жетістіктерді емес, көзбен көріп, қолмен ұстайтын нақты нәтижені күтеді. Халық экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың жемісті болғанын қалайды. Біз осы мақсаттағы ауқымды жұмыстарға барлық белсенді азаматтарды тартамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көздеген мақсатқа жету үшін барлық салаларда дәйекті өзгерістер жасалатынын, ол үшін қандай басымдықтарға мән беріміз қажет екенін айтты. Қазақстан Президентінің айтуынша, ең алдымен, құқықтық мемлекетті дамытуға және азаматтардың билік органдарына сенімін нығайтуға күш салу керек.

– Осы бағыттағы реформалар жүйені байыппен орталықсыздандыруды, мемлекеттік аппаратты жаңғыртуды, квазимемлекеттік секторды онтайландыруды және барлық үдерісті цифрландыруды қамтиды. Сол арқылы мемлекеттік аппарат барынша ықшам, ашық әрі тиімді, ал, шешім қабылдау үдерісі икемді және айқын болады. Азаматтардың құқықтары лайықты қорғалмаса, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан даму мүмкін емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екінші басымдық ретінде күшті және инклюзивті қоғам құрудың негізгі құралы тиімді әлеуметтік саясат екенін айтты. Сонымен қатар әлем «білім экономикасына» қарай жылжып бара жатқанын атап өтті.

– Соңғы жылдары білім беру саласын реформалауда ілгерілеу бар. Сонымен қатар осыған дейін қордаланып қалған бірқатар мәселені шешу қажет. Өртүрлі әлеуметтік топтар мен аймақтар арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту – маңызды міндет. Бұл ретте қайта оқыту және қызметкерлердің біліктілігін тұрақты түрде жетілдіру бойынша жаңа саясат қажет. Осы мақсатта арнайы ұлттық жоба әзірлеп, іске асыру керек, – деді Президент.

– 2-бет

● ПРЕЗИДЕНТ

ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысына қатысты. Пленарлық отырыс алдында фракциялардың жетекшілерімен кездесті.

Қазақстан Президенті Конституцияда бекітілген тәртіпке сәйкес Премьер-Министрдің лауазымына ұсынылатын кандидатураны депутаттық фракция жетекшілерімен ақылдасты.

Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің отырысында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын қорытындылап, атқарушы билік тармағының пандемия салдарынан болған жаһандық дағдарыс жағдайындағы іс-әрекетіне баға берді.

– Үкімет дағдарысқа қарсы жоспарды тиімді жүзеге асырды. Соның арқасында жұмыссыздықтың көбеюіне, халық табысының жаппай төмендеуіне жол берілмеді. Бұл шаралар тиімді болды, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздегі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақты және қаржы жүйесінің орнықты екенін атап өтті.

Қазақстан Президенті Үкімет пен Мәжілістің жаңа құрамы экономиканың ұзақ мерзімді өсімін қамтамасыз етуге және халықтың әл-ауқатын жақсартуға баса көңіл бөлуі тиіс екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Үкіметтің тиімді және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында ел Конституциясының 44-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымына тағайындауға келісім беруі үшін Асқар Маминнің кандидатурасын Парламент Мәжілісінің қарауына ұсынды.

Мемлекет басшысы өзінің шешімін түсіндіре келе, Асқар Маминнің білікті әрі тәжірибелі, еңбекқор, талапшыл және парасатты мемлекеттік қызметші екенін атап өтті.

– Ол алдымызда тұрған мақсат-міндеттерді жақсы түсінеді. Оның Үкіметтегі нәтижелі жұмысы – соның айқын дәлелі, – деді Президент.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс депутаттарына өзі ұсынған кандидатураны қолдағаны үшін ризашылығын білдіріп, Асқар Маминді жауапты лауазымға тағайындалуымен құттықтады.

А.Ғ. Маминді Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі қызметіне тағайындау туралы

Асқар Ұзақбайұлы Мамин Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 15 қаңтар № 492

● ПАРЛАМЕНТ

НҰРЛАН НЫҒМАТУЛИН – МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ

VII шақырылымдағы Мәжіліс Төрағасы қызметіне Нұрлан Нығматулин сайланды.

Мәжіліс депутаттары жасырын дауыс беру арқылы Нұрлан Нығматулиннің кандидатурасын бірауыздан қолдады. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасын сайлау туралы Мәжілістің Қаулысы қабылданғаннан кейін Нұрлан Нығматулин: – Ең алдымен, мені тағы да осы жоғары лауазымды қызметке, Мәжіліс Төрағасы ретінде сайлағандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды білдіруге рұқсат етіңіздер. Ең біріншіден, бұл мен үшін өте үлкен жауапкершілік. Сондықтан, әрқашанда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өзіме жүктеген міндеттерін жоғары деңгейде орындау үшін, сіздердің және біздің сайлаушылардың сенімдерін ақтау үшін мен барлық жинаған білімімді, жинаған тәжірибемді жұмсайтын боламын, – деді.

БІРАУЫЗДАН ҚОЛДАДЫ

Мәжілістің VII шақырылым депутаттары жалпы отырыста Мәжіліс Төрағасы орынбасарлары қызметіне Балайым Кесебаева мен Павел Казанцевті сайлады.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес, Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин Палатаның вице-спикерлері қызметіне Балайым Кесебаева мен Павел Казанцевтің кандидатураларын талқылауға ұсынды. Мәжіліс депутаттары кандидаттарды бірауыздан қолдады. Балайым Кесебаева – заңгер, Әділет министрлігінде қызмет атқарған. Маңғыстау және Қызылорда облыстарындағы Әділет департаменттерін басқарған. Сонымен қатар, Мәжілістің VI шақырымында Заннама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі болды. Павел Казанцев – Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің құрамында болды. «Nur Otan» партиясы жанындағы Партиялық бақылау комитетін басқарады. Сондай-ақ, П.Казанцевтің әкімшілік және партиялық жұмыста үлкен тәжірибесі бар.

● ТАРИХ

БҰЛ ДА БІР БЕЛЕС

Кеше Қызылорда облысының құрылғанына 83 жыл толды. Қарт Қаратау мен Арал аймағының арасын алып жатқан атақонысымыз 1938 жылдың 15 қаңтары күні Қызылорда облысы деген әкімшілік-аумақтық атауға ие болды.

– 6-бет

● СЕССИЯ

ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМ ДЕПУТАТТАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен VII шақырылған Қызылорда облыстық мәслихатының бірінші сессиясы өтті.

Сб Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Сессияны ашқан облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес мәслихат депутаттығының өкілеттілігі оны аумақтық сайлау комиссиясы депутат ретінде тіркеген сәттен басталатынын атап өтті. Мұнан соң «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес сайлау комиссиясы мәслихат депутаты ретінде тіркеуді жүргізетінін хабарлады.

Сайлау және халық қалаулылары

Осыған байланысты «VII шақырылған облыстық мәслихат депутаттарын тіркеу туралы» қаулы қабылданған. Қаулыға сәйкес облыстық мәслихаттың 33 депутаты тіркелді. Оның ішінде «Nur Otan» партиясының партиялық тізімі бойынша – 27, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан – 3, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясынан 3 депутат

тіркелген. Жаңа құрамдағы 8 депутат – әйелдер. Депутаттардың орташа жасы – 52. Ең жас депутат 27-де болса, ең үлкені 64 жаста.

Кәсіби біліктілігі бойынша 1 дәрігер, 7 инженер, 2 мұғалім, 7 экономист, 6 заңгер, 1 ауыл шаруашылығы саласының маманы, 8-і өзге де мамандық иелері. Қызмет саласы бойынша 3 мемлекеттік қызметші, 2 бюджет саласының қызметкері, 26 коммерциялық ұйым жұмыскері, 2 саяси партия мен қоғамдық ұйым өкілі. Халық қалаулыларының арасында 12 адам немесе 39,4%-ы өткен шақырылымдардың депутаты.

Осындай мәліметтерді келтірген сайлау комиссиясының төрағасы тіркелген депутаттарға куәліктер мен омырауға тағатын белгілерді табыс етті.

Мұнан кейін облыс әкімі халық қалаулыларын сайлау нәтижесімен облыстық мәслихаттың депутаты болып сайлануымен құттықтады.

– Осы жыл еліміз үшін үлкен саяси маңызды шара – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттарын сайлау



науканымен басталды. Саяси науқан ерекше жүйеде өтіп, парламенттік тәжірибеге сәйкес саяси жаңғыру, көппартиялық дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейтуге басымдық берілді.

Партиялық тізімдер бойынша сайлау жүйесін енгізу арқылы елімізде жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруға үлкен жол ашылды. Саяси науқанға «Қазақстан халық партиясы», «Nur Otan», «Ауыл», «Ақ жол», «Адал» саяси партиялары қатысты. 10 қаңтарда дауыс

беру қорытындысымен Қызылорда облысы республика бойынша екінші көрсеткішті иеленіп, сайлаушылардың 73,9%-ы белсенді қатысты, – деді облыс әкімі. Сондай-ақ, осы ретте аймақ басшысы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сайлау қорытындысымен Сыр жұртшылығына Үкіметтік жеделхат жолдағанын, онда саяси науқанға заңнамаға сәйкес жоғары деңгейде жауапкершілікпен үлес қосқаны үшін алғыс білдіргенін атап өтті.

– 2-бет

ҚЫЗМЕТІНЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Наурызбай Байқадамов және Мақсұт Нәлібаевпен кездесіп, оларды жаңа қызметімен құттықтады.

– Сіздер бұған дейін де еліміздің даму жолында аянбай қызмет етіп, облыс әкімінің орынбасары, кеңесшісі қызметін атқардыңыздар. 10 қаңтар күні өткен сайлау нәтижесімен облыстық мәслихаттың депутаттығына өттіңіздер. Шын жүректен құттықтаймын! Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденцияның қалыптасуы мәслихаттың жұмысымен де тікелей байланысты екенін ерекше атап өткім келеді, – деді облыс әкімі.

Мұнан соң аймақ басшысы қос депутатқа Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады. Наурызбай Байқадамов пен Мақсұт Нәлібаев көрсетілген құрмет үшін аймақ басшысына алғыстарын жеткізді.

Айта кетейік, Наурызбай Байқадамов облыстық мәслихат хатшысы, Мақсұт Нәлібаев облыстық мәслихат депутаты болып сайланды.

● ӨНІР ӨНІМІ

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАУІПСІЗДІК КАСКАСЫ ШЫҒАРЫЛАДЫ

Бес-алты жылдың жүзі болды, Қызылордада қауіпсіздік бас киімі шығарылады. Оның басында Ғалым Пірекешов жүр. Кәсіпкер «NP-Consulting» компаниясын шаруашылық көрсету, кеңес беру мақсатында ашқан. Әуелгіде мемлекеттік сатып алу саласындағы тәжірибесін пайдаланған. Ойлана келе кәсіптің өрісін кеңейтті.

Сб Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

– Кеңес одағы кезінде елімізде каска өндірісі болмаған екен. Маркетингтік зерттеу жүргізу нәтижесінде осы кәсіпке ден қойдым. 2014 жылы Қытайдан қондырғы алдырып, келесі жылы істі бастап кеттік, – дейді ол.

Өнімге талсырыс мұнай, атом компаниялары, құрылыс, теміржол мекемелері мен арнайы киім дүкендерінен түседі. Шағын цехта қорғаныс құралынан өзге, 20 литрлік судың ыдысына арналған қақпақшалар шығарылып жатыр. Кәсіпкер біріретін қақпақшаны суропалықтар жиі пайдаланатынын жеткізді. Оған облыстан бөлек, Маңғыстау, Атырау, Түркістан, Қарағанды өңірлерінен сұраныс бар.



Өткен жылы пластик құты өндірісін қолға алса, енді соның преформасын



«ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АЛДЫМЕН ПАРЛАМЕНТТЕ ТАЛҚЫЛАНУҒА ТИІС»

Мемлекет басшысы отандық денсаулық сақтау саласын жаңғырту жұмысының аса маңызды екеніне тоқталды. Бұл мәселенің, әсіресе, пандемия жағдайында анық байқалғанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік қамсыздандыру саясатын қайта жаңғыртып, мемлекет көмекке мұқтаж азаматтарды қолдауға басымдық беруі тиіс екенін жеткізді. Әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі бағыттарының бірі – отандық зейнетақы жүйесі. Мемлекет басшысы аталған жүйенің әділетті, тұрақты, халықтың мүддесіне сай құрылуы қажет екенін атап өтті.

Ұлттық экономика тұрақты дамымай, халықтың әл-ауқатын арттыру мүмкін емес. Президент белгілеген басымдықтың бірі осы. Мемлекет басшысы Үкіметке экономикалық белсенділікті қолдауға бағытталған контрциклды макроэкономикалық саясатты жалғастыруды тапсырды. Сондай-ақ бизнеске қолайлы жағдай қалыптастыруды міндеттеді.

– Еңбек нарығының тез өзгеруін ескере отырып, жұмыс күшінің өнімділігі төмен секторларды экономиканың неғұрлым өнімді бағыттарына бет бұруын қолдау қажет. Бұған дейін айтқанымдай, еліміздің өнеркәсібі икемді және қазіргі өзгерістерге бейім болуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Аумақ пен кеңістік тұрғысынан еліміздің төңгерімді дамуы басты басымдықтың бірі. Бұл ретте барлық өңірлерді біртұтас экономикалық кеңістік арқылы байланыстыратын аса маңызды салаларды дамытуға баса назар аударылады.

– Өңірлерді, қалаларды, аудандар мен ауылдарды өзара байланыстыратын инфрақұрылымды жақсартуға басымдық беріледі. Жаңа стандарттарға сәйкес 3500-ден астам ауылды жаңғыртымыз. Айналасындағы елді мекендердің тірегі саналатын әрбір ауылға баратын жолдар мен республикалық маңызы бар күре жолдар 100 пайыз жөнделеді, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда жергілікті өзін-өзі басқаруды әрі қарай жетілдіру үшін бюджеттік рәсімдерді жеңілдетіп, өкілді және атқарушы органдардың дербестігін арттыру маңызды екені де айтылды.

Қазақстандағы реформалардың басты бағытының бірі – саяси жаңғырту. Президент биыл жекелеген ауылдық округтерде сайлау өтетінін мәлімдеді.

– Біз жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін ең төменнен бастап нығайтуды көздеп отырмыз. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан алдағы уақытта ауыл әкімдерін сайлағаннан кейін аудан әкімдерін сайлауға көшуіге болады. Алайда, мұнымен де шектеліп қалмауымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев билығы сайлау науқаны карантин шектеулеріне қарамастан қаншалықты қызу өткеніне тоқталды. Кейбір партиялардың Мәжіліс пен мәслихаттарға өтуіне сәл ғана дауыс

жетпей қалды. Мемлекет басшысы осындай партиялардың өкілдері Парламентке өтсе, ондағы пікірталасты қыздыра түсер еді, ортақ жұмысқа тиімді болар еді деген ойымен бөлісті.

– Сондықтан саяси партиялардың Мәжіліске өту шегін 7-ден 5 пайызға төмендетуіміз керек. Осындай шешімді қабылдайтын уақыт келді, өйткені аталған норма заң жүзінде тіркелген партияларды алдағы сайлауларға қатысуға ынталандырады. Сондай-ақ елдегі саяси бәсекенің дамуына септігін тигізеді. Бұл бастама мемлекеттік саясатты жүргізу үшін халықтың пікірін неғұрлым көбірек қамтып, ескеріп отыруға мүмкіндік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы азаматтық қоғам өкілдерінің белсенділігін арттыру, жастар саясатын жетілдіру және қайырымдылық қызметін қолдау мәселелерін де ұдайы назарда ұстау қажеттігін айтты. Бұдан бөлек адам құқықтарын толық қорғау мемлекеттің басты мақсатының бірі болып қала бермек. Бұл ретте азаматтардың таңдау еркіндігін барынша қамтамасыз ету өте маңызды.

– Әлемдік тәжірибеде адамның қандай да бір сайлауға келіспейтінін немесе үміткерлердің бәріне қарсы екенін заңды түрде білдіру құқығы кеңінен қалыптасқан. Шын мәнінде, баламалы пікір және бәріне қарсы дауыс беру ұғымы біз үшін де қалыпты нәрсе болуға тиіс. Сондықтан барлық деңгейдегі сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген жазу енгізген жөн. Бұл бастама азаматтардың сайлау құқығын қорғауға жағдай жасайды. Таңдауы жоқтығын ресми қорсетудің өзі таңдау емес пе?! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ұсынылған бастамалар қазір күн тәртібінде тұрған ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалардың бір бөлігі ғана екенін, депутаттар бұл жұмысқа белсене қатысып, Үкіметпен сындарлы қарым-қатынас орнатуы қажет деп санайтынын жеткізді.

– Менің негізгі ұстанымым – қоғамдағы барлық өзекті мәселелер, ең алдымен, Парламентте талқылануға тиіс. Қоғам өкілдері мен сарапшылар заң жобаларын дайындау ісіне барынша атсалысуы керек. Азаматтардың наразылығын туғызуы мүмкін даулы мәселелер бойынша тиімді кері байланыс орнату – басты талаптың бірі. Парламенттің алдында маңызды екі міндет тұр. Бұл – сапалы заңдар қабылдау және өзекті мәселелердің шешімін табатын орталыққа айналу, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент – ел мүддесі үшін аянбай қызмет ететін қайнаған жұмыс ортасы деді. Сонымен қатар депутаттарға халқымыздың он өзгерістер күтетінін әрдайым есте ұстаған абзал екенін айтып, шешім қабылдау кезінде асқан жауапкершілік танытуға шақырды.

ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМ ДЕПУТАТТАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ

– Бұл – Сыр халқының еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына қосқан айрықша үлесіне берілген жоғары баға, – деген облыс әкімі «Nur Otan» партиясы ұсынған тізімге 5 жерлесіміз еніп, Мәжіліс депутаты болып сайланғанын жеткізді. Олардың арасынан Б.Кесебаева ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары, М.Құсайынов қаржы және бюджет комитетінің төрағасы болып сайланды. Олардың атына құттықтау сөзін арнаған аймақ басшысы Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденцияның қалыптасуы мәслихаттың жұмысымен де тікелей байланысты екеніне ерекше назар аударды.

Н.Байқадамов – облыстық мәслихат хатшысы



Жаңа шақырылымның алғашқы сессиясының төрағасы ретінде депутат Қылышбай Бисенов күн тәртібін хабарлады. Мұнда алдымен VII шақырылған облыстық мәслихаттың хатшысы сайланды. Депутат Ләйла Төрешова «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы саяси кеңесі бюросы мен жаңа шақырылым депутаттары фракциясы отырысының қаулысына сәйкес депутат Наурызбай Байқадамовтың кандидатурасы ұсынылатынын жеткізді. Басқа ұсынылған кандидаттар болмағандықтан, депутаттар ашық дауыс беру арқылы Н.Байқадамовты облыстық мәслихаттың хатшысы етіп сайлады. Жанадан сайланған облыстық мәслихат хатшысы сенім білдіргені үшін әріптестеріне ризашылығын білдірді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша 4 тұрақты комиссияны құру және әр комиссияның сандық құрамын 8 депутаттан етіп белгілеу жөнінде шешім қабылданды. Атап айтсақ, экономика, қаржы және жергілікті басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағалығына Тағат Жақыпбаев, әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссия төрағалығына Гүлнәр Ескаліева, өндіріс және шаруашылық

1-бет



салалары, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі тұрақты комиссия төрағалығына Бағдаулет Макашов және кәсіпкерлікті дамыту, жастар ісі және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссия төрағалығына Мақсұт Нәлібаев сайланды.

Алдағы міндет ауқымды



Сессияның күн тәртібіндегі соңғы мәселе – «2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысын дамыту бағдарламасы» туралы облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай хабарлама жасады. Бағдарламаға тұрғындар тарапынан көтеріліп жүрген өзекті мәселелер енгізіліп, оларды шешу жолдары айқындалған.

Облыс басшысы аталған бағдарламаның маңыздылығы жөнінде сессияға қатысушыларға кеңінен түсінік беріп өтті.

Бағдарламада алдағы 5 жылдықта өңірде бірінші кезекте шешуді қажет ететін негізгі проблемалық мәселелер

қамтылған. Сондай-ақ, халық тарапынан көтерілген өзекті мәселелер де назардан тыс қалмады. Біріншіден, өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы өңір экономикасын әртараптандыру бойынша нақты шаралар қабылданды. Бұл бағытта облыс бойынша ірі 15-тен астам инвестициялық жоба іске асырылады.

Екіншіден, жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының үлесін арттыру мақсатында жергілікті маңызы бар 578,9 шақырым жолдарға күрделі және орташа жөндеу, 12 көпірге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Үшіншіден, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейін арттыру үшін алдағы 5 жылда 3 млн 782 мың шаршы метр тұрғын үй салу (шамамен 6458 пәтер және 27 856 жеке тұрғын үй), құрылыс салу аудандарының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту және жайластыру, тұрғын үй құрылысына жеке инвестициялар тарту міндеті тұр.

Төртіншіден, ауылдық елді мекендерді газбен толық қамтамасыз етілуі үшін облыстың 17 елді мекенін газдандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

Соның ішінде, 2021-2022 жылдары 11 елді мекен газбен қамтамасыз етіледі. Бесіншіден, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мақсатында 87 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

Аймақ басшысы бұдан бөлек, өткен жылы облыстың 2023 жылға дейінгі «Экономикалық картасын» әзірленіп бекітілгенін еске салып өтті. Ол бойынша экономиканың түрлі салаларында 271 млрд теңгеге 265 жобаны іске асыру (4610 тұрақты жұмыс орны құрылады) көзделген.

– Алдағы уақытта сіздермен өңірдің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени көрсеткішін дамытуда бірлесіп жұмыс жасайтын боламыз, – деді облыс әкімі. Депутаттарды сайлаудағы жеңісімен тағы да құттықтап, өңір тұрғындарының әлауқатын арттыруда мемлекеттік саясатты сәтті жүзеге асырады деп сенім білдірді.

● ПІКІР-ПАЙЫМ

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ СҰРАНЫСЫ ЖОҒАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кеше VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылу салтанатында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы жиын барысында жетістіктерді айта келіп, сол бағдардан жанылмау негізгі міндет екенін атап өтті. Ендігі кезекте барлық күш-жігерімізді тиімді мемлекет пен әділетті қоғам құруға жұмылдыра отырып, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту басымдық ала бермек. Реформаларды сапалы заңдар арқылы жүргізу – ұзақ мерзімді жетістікке жетудің басты шарты.

Мақсатымыз озық дамыған елдердің қатарына қосылу екені белгілі. Ол дегеніміз – дені сау, білімді және бақуатты жұрт. Келешекте мемлекеттік басқарудың жаңа моделін енгізу жоспарланып отыр. Осы бағыттағы реформалар жүйені байыппен орталықсыздандыруды, мемлекеттік аппаратты жаңғыртуды, квазимемлекеттік секторды онтайландыруды және барлық үдерісті цифрландыруды қамтиды. Сол арқылы мемлекеттік аппарат барынша ықшам, ашық әрі

тиімді, ал, шешім қабылдау үдерісі икемді және айқын болады. Жаңа стандарттарға сәйкес 3500-ден астам ауыл жаңғыртылмақ. Қуаныштысы, ауылға баратын жолдар мен республикалық маңызы бар күре жолдар 100 процент жөнделеді.

Биылғы жылдан бастап жекелеген ауылдық округтерде ауыл әкімдерін сайлау науқаны өтеді. Осылайша жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту бағытында маңызды жобалар жүзеге асады. Онан кейін аудан әкімдерін сайлауға көшуіге болады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы саяси партиялардың Мәжіліске өту шегін 7-ден 5 процентке төмендету қажеттігін атап өтті. Бұл партияларды алдағы сайлауларға қатысуға ынталандырады.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ӘРКЕЗ МАҢЫЗДЫ

VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясында Президент азаматтық белсенділікті арттыру жолында қолға алынған маңызды қадамдар туралы атап өтті.

Нақты айтқанда, жыл басында Мемлекет басшысы кейбір заңнамалық актілерге қоғамдық кеңестер қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды. Бұл қоғамдық кеңес өкілеттігін едәуір күшейтуге мүмкіндік берді. Өйткені ол әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелер бойынша пікір білдіретін дербес, байқаушы орган екені белгілі. Сонымен қатар билік пен халықты байланыстырушы құрылым.

Облыстық қоғамдық кеңес мүшелері халықтың атқарушы органдарға өтініші мен талабын жеткізуде өз міндетін жоғары деңгейде атқарып келеді. Түйткілді мәселелердің он шешім

табуына үлкен үлес қосты. Кейбір мәселелер бойынша кеңес мүшелері елмен жүздесіп, олардың мұн-мұқтажын тыңдауға назар аударып отыр. Сол тәжірибелерді атқарушы органдарға жеткізіп, олардың онтайлы шешілуіне көңіл бөледі.

Айта кетейік, қоғамдық кеңестер бүгінде Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың маңызды құралына айналып отыр.

Бақытжан САЙЛЫБАЕВ, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы

АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өкілеттілігі аяқталған VI шақырылымдағы облыстық мәслихат депутаттарымен кездесті. Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті оң бастамаларды қабылдауда депутаттардың еңбегі жоғары екенін атап өтіп, жауапты қызметте бірлесе жұмыс атқарғаны үшін алғыс білдірді.

– Бір жылға жуық уақыт ішінде бірлесіп атқарған қызметтің барлығы көз алдымызда. Бұл уақыт өлшемі тұрғысынан тым қысқа көрінгенімен, барлығымыз үшін сынаққа толы кезең болды. Сіздермен өткен жылы конструктивті тұрғыда жұмыс жасадық, қордаланып қалған өзекті мәселелерді бірлесіп шеше алдық, ұсақ мәселелер де назардан тыс қалмады.

Осы кезеңде облыс әкімдігінің барлық ұсынысы сіздердің тараптарыңыздан қолдау тапты. Біз де өз тарапымыздан сайлаушылардың талап-тілегін орындауға барлық күш-жігерімізді жұмсадық.

Мәслихат қабырғасында аймағымыздың келешегі, жергілікті жерлердегі экономикалық жағдай мен халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсарту бағытында да ұсыныс-

тарыңызды білдірдіңіздер, – деді аймақ басшысы.

Жиын барысында облыс әкімі облыстық мәслихаттың VI шақырылымының депутаты корпусы кәсіби тұрғыда азаматтармен толыққанын атап өтіп, азаматтық қоғамды ілгерілету бағытында еселі еңбек еткен халық қалаулыларын Алғыс хатпен марапаттады.

Жиында облыстық мәслихат хатшысы (VI шақырылым) Қылышбай Бисенов және депутаттар Ибайдулла Құттықожаев пен Әнуар Дәуленбаев сөз алып, әріптестерінің жылдар ішіндегі жемісті жұмысын атап өтіп, өңір басшысына алғысын жеткізді.

Есепті кезеңде Қызылорда

облыстық мәслихатында 51 сессия өтіп, 526 шешім қабылданды, жалпыға бірдей міндетті маңызы бар 114 шешім әділет органында мемлекеттік тіркеуден өтті. Халық қалаулылары 5 жыл ішінде 1000-нан аса депутаттық сауал жолдаған.

Айта кету керек, 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлау өткізілді. Саяси науқанға облыс сайлаушыларының 73,9 проценті қатысып, өздерінің ерікті таңдауларын жасады. Дауыс беру белсенділігінің нәтижесінде Қызылорда облысы республика бойынша екінші көрсеткішті иеленді.

СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЕЛЕККЕ ТҮСТІ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Мариям Баекееваның есебін тыңдады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

2020 жылы 165434 статистикалық есептілік, оның 84%-і онлайн режимде қабылданған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы №76 бұйрығымен бекітілген 2021 жылдың статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес 130 статистикалық жұмыстар орындалуы жоспарланған: 29 – айлық, 27 – тоқсандық, 71 – жылдық, 2 жартыжылдық кезеңділікпен және біреуі – бір жолғы жұмыс.

Респонденттер алғашқы шынайы статистикалық деректерді, Ұлттық статистика бюросы басшысы бекітетін деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес ұсынады.

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен электрондық түрде, қағаз жеткізгіште, телефон арқылы сауал

салудың компьютерлендірілген жүйесі арқылы және интервьюермен жеке сауал салуды жүргізу кезінде ұсынылады.

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша респонденттер ұсынуға қажетті статистикалық нысандар тізбесін респонденттің сұрауы бойынша немесе өз бетінше УСБ www.stat.gov.kz. ресми интернет-ресурсында орналасқан «Респондент кабинетінде» жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) немесе заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірін (БСН) енгізу арқылы алады.

Барлық пайдаланушыларға статистикалық үдерістерді автоматтандырумен статистикалық деректерге қолжетімділікті ыңғайлы қамтамасыз ету мақсатында «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесі іске қосылып жүзеге асырылды. «е-Статистика» ИАЖ бұл – статистикалық нысандарды онлайн режимде қабылдауды, статистикалық деректерді сақтау мен өңдеуді, статистикалық ақпаратты



қарау мен талдау жүргізуді өзіне қосатын статистикалық қызметтің барлық үдерістерін автоматтандыру.

«On-line режимнің» көмегі арқылы респонденттерге статистикалық органға бармай-ақ, сандық қолтаңба арқылы есептілікті тапсыруға мүмкіндік ұсынылды.

Кездесу соңында облыс әкімі бұл қызметтің негізгі бағыттары бойынша жұмысты жалғастыруды және статистикалық жұмыс жоспарының уақытылы орындалуын тапсырды.

ҰЛТ ЖӘНЕ ДӘСТҮР ДӘРПІ

Қоғамды құндылықтар ұйыстырады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады» деген ой ұшқыны бар. Бұл тақырып қоғамда талқыланғалы бері бірталай уақыт өтті. Наурыз қайта жаңғырған 90-жылдардан бері мерекелеу үрдісі бірте-бірте өзгеріске ұшырады. Бұл – заңдылық, бірақ Наурызды атап өтудің мазмұны қаншалықты байыды? Ұлыстың ұлы күнін жылына бір рет ұлттық киім киетін, 3-4 күн демалыста қыдыратын, орталық алаңға киіз үй тігілетін мереке ретінде ғана қабылдау белең алған секілді.

Президент мақаласында айтылған Наурыз мерекесін атап өтудің тұжырымдамасында қандай мәселелер қамтылуы тиіс? Осы сауалды режиссер, продюсер, мәдениеттанушы, этнографтарға жолдадық. Соған орай облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының бас режиссері, Мәдениет саласының үздігі, «Шапағат» медалінің иегері Орынғұл Бурханованың пікірін оқырман назарына ұсынамыз.



Табалдырығымыздан аттаған жаңа 2021 жылмен барша сырбойылықтарды құттықтаймын. Өздеріңіз білесіздер, өткен жыл оңай болған жоқ. Пандемияның салдарынан барлық жерде жұмыс онлайн режимге көшірілді, карантиндік шектеу шаралары, оқшаулану – мұның бәрі біздің күнделікті өмірімізді басқаша арнаға бұрғанмен, қал-қадірімізше еңбек еттік. Бұл бізге тәжірибе мектебі болды. Мысалы, өзін бұған дейін жасаған жұмыстарыма, өткізген мәдени шараларыма талдау жасап, бәрін ой елегінен өткіздім. Әлемде не боп жатыр, өзге мемлекеттердің мәдениеті мен өнеріндегі жаңалықтар қандай, осы бағытта көп оқып іздендім. Интернет арқылы әлемнің ең мықты деген опера театрлары мен музейлеріне – «Гранд опера», «Метрополитен опера», Сальвадор Далидің музейіне виртуалды саяхат жасауға мүмкіндік алдым. Көрдім, көп ой түйдім.

Қазіргі заманғы қоғамдық тәрбиенің негізгі көзі – мерекелер мен мәдени-көпшілік шаралар. Қазақ халқында мән-мағынасы зор екі мереке бар, оның біріншісі – Тәуелсіздік күні болса, екіншісі – Наурыз, яғни Жаратқанның бұйрығымен жаңа күтқа кенелу сәті. Сонан да болар әр қазақ үшін Наурыз – мерекелердің мерекесі. Жалпыхалықтық сипаты бар Наурыз мейрамын жұрттың бәріне бірдей, ұлты мен тегіне қарамастан жатырмай қабылдайтындай етіп өткізсек жөн болар еді. Ғалым Акселее Сейдімбектің жазбаларында: «...Грек тарихшысы Квинт Руф (б.з.д. I ғ.) өзінің «Ескендір жорығы» деп аталатын еңбегінде Орта Азия көшпелілерінің ұлыс тойын қалай тойлайтынын тамсана жазады. Ұлыстың ұлы күні таң шапақ шашып, күн шығар сәтте қаған ордасының үстіне күн бейнелі жалау көтеріліп, қотанға шымқай қызыл мауытыдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Балалардың саны бір жыл ішіндегі тәуліктердің айғағындай болып, бозбалалар тойдың шырайын келтірген. Бір жыл ішіндегі әрбір

тәуліктің шежіре-баяны сияқты 365 күй тартылған. Сонан соң, бүкіл елдің батағой абызы, Тәңірмен тілдес бақсысы ортаға шығып, қағанаттың үміт-тілегін Тәңірге жеткізетін 9 күй тартқан. Бұл 9 күй міндетті түрде қобызбен тартылатын болған. Мұнан әрі Ұлыстың ұлы күнін тойлау бүкілхалықтық қуаныш-қызыққа ұласқан» деген жолдар бар.

Біз мәдени шаралардың ұйымдастырушысы болғандықтан әуелі кезде жұртшылыққа театрландырылған қойылымдар жасап, ертегі кейіпкерлерінің өнерін ұсынып келдік. Алдағы уақытта аймақтың сөзі уәлі, аузы дуалы абыз ақсақалдарының (Қызыр баба), елге сыйлы көпбалалы аналарымыздың (Ұмай ана) батасын алуды, тұрмысы төмен отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға Наурыз сыйын ұсынуды тәжірибеге енгізу керек.

Жыл сайын орталық алаңға киіз үйлер тігіліп, үйлерде аста-төк дастарқан жайылады. Алдында «Басшылар кіріп шықсын, сосын, сосын» деп адамдар тұрады. Көпшілік «Бұл қараша халыққа арналмаған» деп ренжіп қайтады. Мүмкін киіз үйлерге арнайы ат беріп, бір киіз үйде «Ұршық басындағы ұлағат» дегендей, әжесі мен немересі, бір киіз үйде қайынсіңілілер мен жеңелер ұршық иіріп, жүн түтіп, құрақ көріп көктеп, іс тігіп отырса, бір киіз үйде ағалар мен інілер сұхбат құрып, ағаштан ою ойып, темірден түйін түйіп отырса, ғажап емес пе? Ұлыс күні дәстүр-салтты насихаттау ең ізгі іс болар еді.

Сосын дәстүр-салттарымызды тек Наурыз мейрамында ғана емес, күнделікті өмірде жастардың санасында жаңғыртып отыру аса қажет. Дастарқан басында үлкеннің батасын алғаннан кейін астан дәм тату, ас ішіп болған соң бата қайыру, ер балаға айдар шаш қою, ашамайға мінгізудің мәні жиі айтылып отырса, балалардың құлағына сіңіп қалары сөзсіз. Мені қынжылтатыны – тұсау кесер рәсімін өткізудегі олқылықтар. Мәдениет қызметкерлеріне арналған семинар-тренингтерде ай-

тып жүрмін, айта беремін. Корея халқында бала 1 жасқа толғанда той тойлап, жолына қайшы, кітап, ақша қойып, бала осы заттардың ішінен қайсысын барып көтеріп алса, болашақ өмірін сонымен байланыстырып, яғни тігінші, ғалым, банкир болады деп болжам жасап жатады. Қазір біздің қазақ та тұсауы кесілген баланың жолына доллар, ұялы телефон қойып мәре-сәре болуды әдетке айналдырды. Осыны доғаруымыз керек. Қазақтың киелі қамшысы, Абай атамның кітабын ырымдап қойып жатса, абзал болар еді. Ата-бабаларымыз қыз бала 13 жасқа толғанда үйдің он жағынан орын дайындап, жасауын жасап, тақиясына үкі тағып, ер балаға қамшы ұстататын болған. Осы дәстүрді қайта жаңғыртсақ деген ой бар.

Балалар Жаңа жылды, Аяз Ата мен Ақшақарды асыға күтеді. Армандарын хатқа жазып жатады. Наурызды ше? Бұл мейрамды балалардың санасына сіңіру үшін отбасында ата-анасы, мектепте ұстаздары қызықты етіп жеткізіп отырсақ жақсы болар еді. Мысалы, Наурыз мейрамына арналған ертеңгілікте Бақ пен Қызыр баба, (Бақ Қызыр бабаны жетектеп жүреді), Көктем аруы – Нұрша қыз тілек айтып, балалардың өнерін тамашалап, сыйлықтар (келген жылдың иесі, мәселен, ойыншық сиыр, құрт-ірімшік түйілген қалташа, жанылтпаш, мақал-мәтелдер жазылған хат-открытка) үлестірсе, «Өмір ағашына» балалардың тілегі жазылған хаттарды ілу де артық етпейді.

Наурызды Амал мерекесінен бастау, әр күніне атау беру туралы бұған дейін этнографтар пікір

білдіріп, тұжырымдамаларын ұсынды. Этнолог, мәдениеттанушы Серік Ерғалидың тұжырымдамасы бойынша мейрам наурыздың 14-нен басталып, яғни 14 наурыз – Шуақ күні, 15-і – Береке, 16-сы – Өніс, 17-сі – Жайнау, 18-і – Тағзым, 19-ы – Алас, 20-сы Шаттық, 21-і – Үйлесім, 22-сі – Ұлы таң күні болып аталған. Әрине, бұл – құптарлық ұсыныс.

Мәдениет саласындағы ұзақ жылдық тәжірибемде Наурыз тақырыбына қаншама сценарийлер жаздым, өзім режиссерлық жасадым. Оның ішінде орталық алаңда, мекемелер мен ұйымдарда өткен театрландырылған қойылымдар мен балалар ертеңгіліктері бар. «ПетроҚазақстан Құмкөл ресурсис», «ГазГермұнай» сынды үлкен компанияларда өткен мерекеді канадалықтар, қытайлықтарға Наурыздың мәнін түсіндіріп, алғыс алдық. 2011 жылы Наурыз айтысын өткіздік.

Біздің әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміз әлі де зерттеліп, зерделенуі қажет етеді. Мысалы, қазақта «Шөміш қағу» ырымы бар. Көктем келіп күн күркірегенде келіншектер «Күн күркіреді, көк дүркіреді! Көк мол болсын, халық тоқ болсын» деп, киіз үйдің жақтауына шөміш қағып ырым жасаған. Сәуір айында ауыл жігіттері жиналып аңға шыққан, ол «Салбурын» деп аталған. «Шарғы салу», яғни ұзатылып бара жатқан қыз өзінен кейінгі сіңілісіне немесе құрбысына орамалын тастап кету рәсімі де бар. Қазір қарап отырсаңыз, ұзату не үйлену тойларында еуропалықтарша қалыңдық гүлін төбесінен лақтырып, оны қағып алған қыз «енді менің жолым» деп мәре-сәре боп жатады.

Жалпы, ата-бабаларымыз ырымды жақсылықтан үміттеніп, тыйымды жамандықтан қорғанып жүретіндіктен күнделікті тұрмыс-салтында қолданған. 2008 жылы орталық алаңда киіз үйдің алдында бір ырым жасалды. Кімешек киген әже ақ мағаны жайып үстіне суық қарулар айбалта, қанжар, садақ, найза, шоқпарды қойып, бетін ақ шүберекпен жауып, үстінен немересін жүргізді. Әже:

– Келешегін жарқын боп,
Тыныштық елді жайласың!
Бес қаруы дұшпанның
Табанынның астында
Қабырғалы қазғым,
Басыннан бағын таймасың!
Дұшпанның бес қаруы табанында
Тыныштық болсыншы заманында,
– дегенде ел ағалары кішкентай баланы көтеріп алды. Әже батасын берді де, бала:
– Ұлы күні Ұлыстың,
Еліме Наурыз келгенде
Жасампаз елдің жырымен,
Періште көңіл сайрасын.
Іргесі берік ел болдык
Елімді бастап Елбасым.
Астанам – асқақ ақ ордам,
Шалқи бер, әлем байқасың! – деп тілегін жеткізді. Наурыз мейрамы Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен тұспа-тұс келген жылы орталық алаңдағы театрландырылған қойылымның сценарийі бойынша 25 жасқа толған немересіне әжесі кемер белбеу сыйлайды. Бұл да болса дәстүрімізді жаңғыртудың бір жолы деп білемін. Белбеу – жігіттің жан дүниесінің сандығы, жігіт жігерсіз, болбыр болмау үшін белдік таққан. Болашақта Наурыз мейрамын сахналық кейіптен арылтып, бүгінгі күнмен байланыстыру керек деп ойлаймын. Мерекенің берекесін кетірмей, ұлттық тамырымыздан алісқамай, елдігіміз бен дәстүріміздің айшық-өрнегін дәріптей берейік.

Жазып алған
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттілігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып-жұмғандай қас қағым сәт. Дегенмен, қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Тәуелсіздік – киелі тірегіміз



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз керек. Президент айтқандай, біз үшін аса қымбат дүние – тәуелсіздік.

Мақала ауқымды төрт бөлімнен тұрады. «Бағдар мен белес» деп аталатын бөлімінде тәуелсіздігіміздің мерейлі мерзімін үш онжылдық белеске бөліп, еліміздің іргетасының қалғаны, қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңін, еліміздің өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналғаны, әлемдегі беделі туралы айтылған. Алдағы төртінші онжылдықта жететін меже-заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру, өркениетті, дамыған елдер қатарында болуды көздейді.

«Таным мен тағылым» бөлімінде халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға бағытталған ой-тұжырымдарымен бөлісіп, ұлт жадын жаңғыртатын уақыт келгенін пайымдайды. «Қоғам және құндылық» бөлімінде Мемлекет басшысы егемендігіміздің мәңгілік ұштағанына балаған байтақ жерімізді, қастерлі тілімізді, береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтауға үндейді.

Әлем социолотары Тәуелсіздік ұғымын әлеуметтік тұрғыдан бес тірекке жіктепті. Олар – әкімшілік-басқару тәуелсіздігі, атамекен – территориялық тәуелсіздік, ата-баба қанымен жалғасқан гендік тәуелсіздік, тұрмыстық (экономикалық) тәуелсіздік, рухани тәуелсіздік. Әкімшілік-басқару тәуелсіздігінің ұстыны – армия, күштік құрылымдар, олар мемлекетті сыртқы және ішкі жаудан қорғайды. Атамекен тәуелсіздігінің тірегі – ұлағатты ұрпақ. Мақаладағы «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұрғыы мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай, лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» деген ой бабалар арманымен үндесіп жатыр. Үшінші тірегі – ата-баба қанымен жалғасқан гендік тәуелсіздік, оның ұстанымы – тұрмыстық бұқара. Бесінші рухани тәуелсіздіктің ұстыны – оқымысты-ағартушы ғалымдар һәм тіл мен дін бірлігі. Осы бес ұстын қолдың бес саласындай жетілген жағдайда сол қауым қуатты елге айналады.

«Ұлағат пен ұстаным» бөлімінде саяси жаңғыру мәселесіне, адамның құқығын сақтауға негізделген заң мен тәртіпке, жасампаз ұрпақ тәрбиесіне тоқталады. Біз өз кезегімізде Мемлекет басшысының мақаласын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде негізге алып, жұмыстарымызды жалғастыруымыз қажет деп ойлаймыз.

Қанат ҚЫПШАҚБАЕВ,
«Болашақ» университетінің жоғары колледжі оқытушысы



Дөңгелек үстелде бас қосты

Облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханада «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда 5 қаңтарда жарық көрген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жан-жақты талқыланып, сараланды.

Дөңгелек үстелге облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Нұршат Наурызбаева, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Қорыт және Қазақстан халқы ассамблеясы» кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Меруерт Ансатова, филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов, «Қоғамдық келісім» КММ басшысының



орынбасары Асылбек Жұмабаев, Қазақ соқырлар қоғамы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асқар Қолдабеков және кітапхана қызметкерлері мен оқырмандары қатысты.

Шараны кітапхана директоры Ерғазы Алданазаров ашып, басқосудың маңыздылығына кеңінен тоқталып өтті. Президент өз мақаласында

азаттықтың 30 жылындағы жетістіктерді атап өтіп, болашақтағы бағыт-бағдарымызды тұжырымдады. Мақалада жер, тарих, экология, қоғам құндылығы, жастар тәрбиесі мен патриотизм және мемлекеттік тіл, ел бірлігі туралы айтқан орамды ой-пікірлері қоғамның тамырын деп басқандай.

Дөңгелек үстелге қатысушылар жан-жақты ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғап, тиісті орындардың алдында нақты мақсаттар тұрғанын жеткізді. Одан әрі кітапхана қызметкерлерінің дайындаған кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

Жалпы облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапхана оқырмандарына үш түрлі әдебиет беріледі. Олар – нүктелі-бедерлі, дыбыстандырылған әдебиет және жайпақ баспа кітаптар. Бүгінде кітапхана қорында 29018 дана кітап бар.

«СБ» ақпарат



Орта мектепті үздік бітіріп, арман қуып Алматыға келген бозбала алғашқы жазған дүниелерімен-ақ қаламгер ағаларын қайран қалдырып, жыр кештерінен жұлдесіз қалған емес. Қазақтың қалам ұстаған жастарының біразына батасын беріп, шығармашылық жолында бағын ашқан әйгілі акын Әбділда Тәжібаев бастаған қарымды қаламгерлер бозбала Бауыржанның да қабілетін бірден танып, болашағына зор сенім артқан еді.

Қазақта «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген тамаша тәмсіл бар. Иә, қазақтан данышпан халық жоқ. Атам қазақтың айтқан кез келген мақал-мәтелдері мен түрлі ой-тұжырымдары айна-қатесіз келіп отырады. Бұл данышпандық емей, немене?! Айталық, халқымыз отты жырларымен елді аузына қаратқан ақынды, аспандағы аккуға үнін қосқан әншіні, домбыраның қос ішегінен күй төгілген күйшіні, қара қылды қақ жарып, қара сөзден түйін түйген шешенді ерекше құрмет тұтып, төрінен жай берген. Ал егер осы қасиеттердің бәрі бір адамның бойынан табылып жатса, ондай біртуар жанды бір ғана сөзбен – «Сегіз қырлы, бір сырлы» дейді. Қандай тамаша тенеу! Осындай азаматтың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, көрнекті акын, қабырғалы қаламгер Бауыржан Өміржанұлы Жақып.

Б.Жақып 1963 жылы 1 мамырда Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Абай ауданы Аққора ауылында дүниеге келген. 1980 жылы Арқат орта мектебін алтын медальмен бітірген. 1985 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдап, еңбек жолын «Қазақстан» ұлттық теледидарының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында редактор болып бастады. Небәрі жиырмадан асқан жасында осындай жауапты қызметтерді атқару – оның бойындағы білімі мен іскерлік қабілетінің көрінісі болса керек. Иә, расында, солай. Ақынның туған жеріне деген толғанысынан туған мына жыр шығарынан осындай табандылықты танығандаймыз:

Семейім, сенде ізі бар
ұлы Абайдың,
Жарқырап жанып жатқан шырағы айдың.
Ертістен Алатауға ұшып едім,
Ешқашан сол биіктен құламаймын.
Бұл – ақынның асқақ мұраты. Сол мұратына жету жолында қаншама еңбек жолынан өтті десеңізші...
Ол 1986-2008 жылдары «Жалын»

● ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ЖАРЫҚТЫҚ, АБАЙ САЛҒАН ЖОЛҒА ТҮСТІМ...

Қазаққа Абайдай, Шәкәрімдей кемеңгерлерді берген шұрайлы Шығыс өлкеде туып, қасиетті «Қасқабулақтан» қара өлеңнің тұнбасын қанып ішкен бір перзенті – Бауыржан Жақып. Бала күнінен-ақ ауылдағы абыз ақсақалдардың аузынан естіген аңыз әңгімелерді, кисса-дастандарды жадына түйіп, оған қоса Абай шығармаларын жастайынан жаттап өскен ол әдебиет, өнер өлкесіне әбден бейім болатын.



кітап баспасында редактор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы, зерттеуші, ассистент, аға оқытушы, доцент, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, «Журналистік шеберлік және әдеби редакциялау», «Баспа ісі», «Мерзімді баспасөз» кафедраларының меңгерушісі, журналистика факультетінің деканы қызметтерін атқарды. Ал 2009 жылы «Қазақ энциклопедиясының» Бас директор-бас редакторы болса, бүгінде Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді.

Б.Жақып – жастардың творчестволық «Жігер» фестивалінің, «Дарын» жастар мемлекеттік сыйлығының, Бакуда өткен Бүкіл түркі дүниесі ақындарының 11 «Хазар шеирақшамдары» фестивалінің, Македонияның Скопье, Косованың Приштина қалаларында өткен бүкіл түркі дүниесі ақындары фестивалінің лауреаты. Түркияда Елазығы шаһарында өткен әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовқа арналған бүкіл түркі дүниесі ақындарының 15-фестивалінің дипломанты. Қазақстан Жазушылар одағының М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов атындағы сыйлығының лауреаты. «Шығыс шынары» Халықаралық мүшәйрасының бас жүлдегері.

Ұлы Абайдың ұлағатынан ұшқын алған ол өзінің шығармашылығын ақын жолымен тоғыстырады. Абай жырларына арқау болған елдің мұңын бірге көтеріседі:

Жарықтық, Абай салған
жолға түстім,

Қашсам да тұтқын болып
колға түстім.
Өзімнен өзім безіп құтыла алмай,
Ой деген ормандағы торға түстім,
– дейді ақын.

Бауыржан Жақып – Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының, Халықаралық жазушылар мен публицистер ассоциациясының мүшесі және Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Қазақстан Журналистика академиясының академигі. Шыңғыс Айтматов академиясының академигі атанды. Қазақстан Журналистер академиясының ең жоғары сыйлығы – «Алтын жұлдыз», «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Мәдениет қайраткері.

Ұлттық мүдде, салт пен сана, қоғам өмірінің сан алуан толғақты мәселелерін арқау еткен ақын өлеңдерінен ел мен жер тағдырына алаңдаған азаматтық үн, адамдық ұстаным байқалады. Жалпы айтқанда, ақын Бауыржан Жақып – жан-жақты әдеби-ғылыми-шығармашылық ізденістігі тулға. Сонау 1984-жылдардан бері ақынның «Аудитория», «Баспалдақтар», «Жұлдызды шақ», «Бір кемеңнің үстінде», «Парус времени», «Аралым – арым, Балқашым – бағым», «Қарлығаш», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Ақ лақ», «Қолтаңба», «Уақыт ұршығы», «Баян-ауыл басынан», «Мыс сапырған, кен қазған», «Қызыл кайың», «Абайдың Қасқабулағы», «Еліккөрген» атты кітаптары жарық көрді.

Өлеңдері орыс, түрік, қытай, түркімен, қырғыз, украин, беларусь,

македон, ағылшын тілдеріне аударылған. Сонымен бірге, «М.Әуезов – публицист», «Ұлы суреткер ұлағаты», «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары», «Публицистикалық шығармашылық негіздері» тақырыбындағы ғылыми еңбектердің авторы. Поэзиялық шығармалары «Екі мың жылдық дала жыры» атты таңдаулы жыр кітабына енгізілген. Ақын поэзиясында негізінен ата-мекен, табиғат тынысы, ұлт мұраты, рухани таным және адами құндылықтар тақырыбы жырланады. Сондай құнды шығарманың бірі – «Жан дауысы» поэмасында барша қазақ халқына қасірет әкелген Семей полигонының зардабы шынайы суреттелген.

Бауыржан Жақып – бірнеше қоғамдық қызметтерді де негізгі міндетімен қатар алып жүрген қайраткер азамат. Айталық, әр жылдары ол – қазақ журналистикасы саласындағы Президент сыйлығы мен гранттарын беру жөніндегі республикалық қоғамдық комиссияның мүшесі, ҚазҰУ журналистика факультеті Ғылыми кеңесінің төрағасы, «Журналистика» және «Баспа ісі» мамандықтары бойынша республикалық ғылыми-әдістемелік кеңес төрағасы, журналистика мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің ғалым-хатшысы, «ҚазҰУ хабаршысы (журналистика сериясы)» ғылыми журналының бас редакторы қызметтерін абыроймен атқарды. Ұстаздық еңбек жолында көптеген шәкірт тәрбиелеп, шығармашылық қабілетін шыңдап, әдебиет әлеміне, журналистика саласына бағыт-бағдар берді.

Он бес жыл қатарынан Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да Мемлекеттік аттестациялық комиссияның төрағасы болып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 2014-2019 жылдары университетті бітірген 500-ден астам түлекке жол көрсеткен ұстаз. Осы еңбегіне орай аталған университеттің ең жоғары марапаты – «Қорқыт Ата» алтын медалімен марапатталды. Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің 85 жылдығына арналған ғылыми-танымдық конференцияда баяндама жасады. Сонымен қатар, Сыр бойынан шыққан ақын-жазушылардың мерейтойларына қатысып жүр. Сондықтан өзін осы елдің бір перзентіндей сезініп, Сыр өңірі туралы топтама өлеңдері жазылды.


Биыл қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай, ел аумағында атқарылып жатқан мәдени-көпшілік шаралардан бөлек, алыс-жақын шетелдерде ақын шығармашылығы терең насихатталуда. Айталық, Мемлекет басшысының бастамасымен ұлы ақын шығармалары әлемнің 10 тіліне аударылды. Таяуда ғана қазақстандық делегация құрамында ақын Бауыржан Жақып ежелгі Мысыр елінде іссапарда болып, сол елдегі Абай ескерткішіне тағзым етіп, ақынның араб тіліне аударылған кітабының тұсаукесер рәсіміне қатысты. «Абай және рухани мұра» атты халықаралық конференцияда баяндама жасады.

Міне, бір адамның бойынан осыншама қабілеттің табылуы, оның қоғамға, елге жасаған қаншама қызметі, атак-абайоры нені білдіреді? Сан қырлы талант иесі дегеніміз осы емес пе? Мен Бауыржан Жақыптың негізгі және қоғамдық жұмыстарын, ғылымдағы, әдебиет пен журналистикадағы, баспагерлік саладағы атқарған жұмыстарын және жетістіктерін қысқаша шолып өттім. Осының өзінен-ақ бұл азаматтың қоғамдағы, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздегі және ғылым жолындағы алатын орны айықталып тұрған жоқ па? Егер әрбір ісін таратып жазатын болсақ, үлкен бір әдеби шығармаға арқау болар еді. Ол, әрине, алдағы күндердің еңшісіндегі дүние болса керек...

Итен ҚАРЫМСАҚҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, ҚР Ақпарат
саласының үздігі,
Қазақстанның Құрметті
журналисі

● МӘСЕЛЕ

СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ – ӨЛКЕНІҢ ӨЗЕГІ



Су – тіршілік көзі. Қазіргі ғылыми-техникалық өркениет заманында суды тұтыну көздері толассыз көбейіп, шығыны да ұдайы өсіп тұрған кезде су проблемасы өзекті және күрделі болып барады. Бүгінгі күні Қызылорда өңірінде суармалы жер көлемі 185 мың гектарды құрайды. Әрине, мұның бәрі Сырдария өзеніне тәуелді.

рып көптеген жобаларды іске асыруда. Жаңақорған, Шиели аудандарының суармалы егіншілік жерлері теңіз деңгейінен биік. Осыған орай екі ауданда Сырдария өзеніне үрлемелі тоспа қойылды.

Соңғы жылдары өңірде күрші көлемін азайту туралы үлкен сұрақтар туындап отыр. Өңірдің егіндік жер жағдайы негізінен шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан. Күршінің экологиялық дақыл екендігін ғалымдар да жан-жақты түсіндіруде. Тіпті базбіреулер дәйексіз түсінікке май құйғандай болып отыр. Қысқасы, ертең сан соғып қалмайтындай әрекетті бүгіннен ойластырмасақ болмайды. Өңірдегі күрші алқабының көлемін 70-80 мың гектардан кемітпеу, біріншіден, арнайы инженерлік жүйеге келтірілген жерлерді сақтап қалу, жердің тұзданып, сортаңданудан қорғау, сонымен қатар әртараптандыру мәселелеріне терең талдау жасап, ғылыми пікірлерге мән берілмесе, кеш болады.

Мемлекетаралық Сырдария өзенінің суын реттеу, әрине, үш мемлекет президенттерінің өзара келісім-шарттық негізінде шешілгендігі белгілі. Қыс мезгілінде Сырдария өзеніне жоғарыдан түсетін су елді мекендерге тасқын қаупін әкеледі. Осындай қауіптерге тосқауыл қою үшін, Токтағұлдан суды қыс мезгілінде аз жіберу үшін, Қазақстан тарапынан өтініш жасалады.

Сондай-ақ Шардара су қоймасынан тасталатын артық суды Арнасайға жіберу үшін де Өзбекстанға өтініш жасауға тура келеді. Шардара су қоймасына күрделі жөндеу жүргізіліп, суды сақтау деңгейі артқан жағдайда, екі облыстың да суармалы егіншілігіндегі су тапшылығын жою мүмкіндігі арта түскен болар еді.

Ескеретін және бір маңызды мәселе бар. Қазіргі кездегі су қорларының жетіспеушілігі мен суармалы алқаптардың мелiorативтік жағдайының нашарлауы күрші өсіруші шаруашылықтардың ахуалын төмендетіп, ғылыми негізделген технологияларын толық қолдануға кедергі келтіріп отыр. Ауыл шаруашылығы саласындағы экономикалық қатынастардың қалыптасқан жағдайында, егін шаруашылығында ауыспалы егіс жүйесінің бұзылуы, күрші өсіру технологиясы мен су режимінің дұрыс сақталмауы орын алуда.

Қазіргі кезде облыстағы суармалы алқаптардың жағдайы өте төмен. Күрші атыздарының тегістігі талаптарға сай емес (+– 50 см-ге дейін ауытқиды), суару және қашырты-көріз желісі көміліп, жақтаулары құлап, қамыс басып, гидротехникалық құрылыстар істен шыққан. Бұндай жағдайда егін алқаптарында суды үнемді пайдалану, өсірілетін дақылдардың жоғары өнім алу мүмкін емес.

Осы орайда Ауыл шаруа-

шылығы министрлігінің бастамасымен Дүниежүзілік Даму банкінің қаржыландыруымен іске асырылып жатқан «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» (ПУИД-2) жобасының екінші кезеңі аясында облыстағы суармалы жерлердің тұздану дәрежесін болдырмау үшін Жалағаш ауданының Акқұм, Бұқарбай батыр, Мәдениет және Таң елді мекендеріндегі егін алқап-

лазерлі тегістегіштерді алып, күрші атыздарының тегістігін талаптарға сәйкестендіріп (+–5 см), гектарына 80 центнерден жоғары өнім алуға болатындығына көз жеткізіп отыр. Бірақ, көптеген шаруашылықтардың қаржылық-экономикалық жағдайы лазерлі тегістегіштерді сатып алуды көтермейді. Сондықтан, осы ғылыми негіздемені ескере отырып, экономикалық тиім-

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдары су ресурстарын үнемдеу мақсатында, суды аз талап ететін, вегетациялық қысқа кезеңдегі күрші сорттарын шығарып, өндіріске енгізумен қатар, ауыспалы егіс жүйесінде күршінің үлесін азайтып, әртараптандыру дақылдарын орналастыру жөнінде де ұсыныстар жасауда.

тарының 15123 гектарында ирригациялық және дренаждық жүйелерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқаны өте маңызды. Дегенмен, бұл жұмыстар тек қана суару қаналдары мен қашырты-көріз желілері, ондағы құрылыстарды қалпына келтіру іс-әрекетін ғана қамтиды. Ал су қорларынан тиімді пайдалану мен күрші және ауыспалы егістерге басқа да дақылдардың өнімділігін арттыру үшін атыз бетінің тегістігінің орны ерекше. Осы бағытта институт ғалымдарының ұсыныстарымен облысымыздың ірі күрші өндіруші шаруашылықтары-

ділікке қол жеткізу үшін арнайы бағдарлама жасау қажет. Оның түрлі жолдары бар. Мысалы, арнайы мамандандырылған механикалық серіктестіктер құру, тегістелген жерлерге кеткен шығындарды субсидиялау және басқа амалдарын қарастыру.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдары су ресурстарын үнемдеу мақсатында, суды аз талап ететін, вегетациялық қысқа кезеңдегі күрші сорттарын шығарып, өндіріске енгізумен қатар, ауыспалы егіс жүйесінде күршінің үлесін азайтып, әртараптандыру дақылдарын орна-

ластыру жөнінде де ұсыныстар жасауда.

Қазіргі уақытта барлық ауыл шаруашылығының өндірістік салаларында жоғары өнімді техникалар қолданысы үлкен сұранысқа ие. Оның ішінде, әсіресе, суармалы жүйедегі судың ағынын реттеудің маңызы зор. Өкінішке орай, бүгінге дейін отандық өндіріс мұндай санаттағы қондырғыларды шығармайды. Ал, шетелдік өндіріс орындарына қымбаттығына орай тапсырыс жоқ.

Аймағымыздағы ауыспалы егіс жүйесі элементтерінің талаптарға сай болмауына байланысты, күрші егісіне берілетін судың көп бөлігі тиімсіз, яғни 50%-ға жақын мөлшері есепсіз қашыртыққа тасталады. Сондықтан күрші алқаптарында су ресурстарын рационалды пайдалануды қамтамасыз ету үшін атыздарға су беру, қашыртыққау және үнемі есепке алуды құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету күрделі мәселе болып отыр.

Институт ғалымдары күршіні су реттегіш құрылғыларын жасап, өндірістік жағдайда көрсетіліп, Сырдария ауданының «Шаған-Жер» және Жалағаш ауданының «Ер-Әлі» шаруашылықтарының күрші атыздарына орнатып, сынақтан өткізді. Бұл автоматтандырылған құрылғылар күрші атыздарына су беруді, есепке алуды және қашыртыққауды тәулік бойы қамтамасыз етеді. Сонымен қатар сушының жұмысын жеңілдетіп, еңбек өнімділігін арттырады және құрастырылуы мен басқарылуы оңай құрылғының бағасы да қолжетімді.

Сонымен, қазіргі су тағдырына және оның ықпалынан орын алатын егін шаруашылығына қатысты ғылым мен нақты еңбек арасындағы үйлесім ерекше мәнге ие болып отыр. Өйткені, судың, яғни Сырдария өзенінің тағдыры – Сыр елінің тағдыры. Бұл орайда белгілі ғалымдар мен мамандар, тікелей жұмыс жасап отырған өкілдер пікірпайымын, дәлел-дәйегін ұсынады, тәуір тұжырым жасалады деп ойлаймыз.

Қ.БЕГАЛИЕВ,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының кандидаты,
Ж.БАЙМАНОВ,
техника ғылымдарының
кандидаты, доцент

«SYR BOIY» GAZETINIŇ ARNAIY BETI

ALTYN

«Қобыз сарыны санамда жатталған»

да дәстүрлі музыканы дәріптеп, киелі өнердің жалғастырушысы атанған. Дарын иесі елімізден өзге мемлекеттерде болып, қазақ ұлттық музыкасын, қобыз аспабын танытып, таланттымен тәнті етуде.

Тоқтар қобыз тартуды бала күнінен үйренген. Әкесі – Ермекбай Ағыраев та мәдениет саласының қызметкері, өнерден каражаяу емес. Мектеп қабырғасында түрлі мәдени іс-шараларға қатысып, белсенді оқушы болды. Көптеген өнер байқауларына қатысып жеңімпаз атанды. Ер жете келе тарихы терең, көненің көзі саналатын қобыз аспабын одан әрі зерттеп, нағыз маман болуға бел байлады. Қазанғап атындағы музыкалық және Қазақ Ұлттық музыка академиясының колледжінде оқыды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, зерттеуші «Тілеп» қобызшылар квартетінің жетекшісі, «Қорқыт ата» атындағы көне аспаптар ансамблінің жетекшісі, қобызшы Әлқуат Қазақбаевтан дәріс алып, қобыздың қыр-сырын меңгерді.

Жоғары білім алу үшін Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ ұлттық университетіне түсіп, дәстүрлі музыка өнері факультетін бітірді. Туған жерге келіп еңбек етуді жөн санап, 2015 жылдан бастап облыстық филармония жанынан ашылған «Ақмешіт» фольклорлық этнографиялық ансамблінің мүшесі атанды.

Жас қобызшының репертуарында Қорқыт, Ықылас Дүкенұлы, Көзібет, Тілеп Аспантайұлы, Қазбек Әбенов, Жаппас Қаламбаевтың күйлері бар. Сонымен бірге ол қазіргі заман композиторлары шығарған күйлерді де орындайды, тындайды.

– Қобыз аспабында ойнау оңай емес. Бала күнімен үнін естіп өстім. Осы тұрғыда білімімді жетілдіріп отырамын. Белгілі қобызшыларды тыңдап, жаңа туындыларын қалт жібермеймін. Әсіресе, қыл-қобыз шеберлерінің ішінде Саян Ақмолданың орындау шеберлігі ерекше, – дейді ол.

Тоқтар өткен жылдан бастап қалалық А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінің жанынан ашылған қобыз үйірмесінде дәріс береді. Жас өрендерді ұлттық музыкалық аспапта ойнауға баулып жүр.

Қобызшы жігіттің жеткен жетістігі аз емес. Ол І республикалық Ықылас Дүкенұлы атындағы қылқобызшылар конкурсының дипломанты. Республикалық орындаушылар конкурсында қылқобыз номинациясы бойынша ІІ орын иемденген. Шығармашы атындағы республикалық халық аспаптарында орындаушылар байқауында қыл-қобыз номинациясында І орынды жеңіп алды. Сонымен қатар Тәттімбет атындағы байқауда жүлдегер болды. Түркітілдес мемлекеттердің Қорқыт ата атындағы дәстүрлі орындаушылары конкурсында бас жүлдені олжалады. Ал, ІІ республикалық Ықылас Дүкенұлы атындағы қылқобызшылар конкурсында бас жүлде иегері атанды. Шығармашыл жастардың халықаралық «Шабат» фестивалінде І орынға қол жеткізді.

«Ақмешіт» фольклорлық-этнографиялық ансамблімен бірге көптеген сырт мемлекетте болып, әлем сахналарында өнер көрсетіп, халықтың риясыз қошеметіне бөленіп жүр.

Әжелер салған ән қандай?!

Бүгінде қала, аудандардағы мәдениет үйлерінде әжелер ансамбльдері бар. Олар ұлттық музыканы дәріптеушілер, есті әндерді келер ұрпаққа жеткізетін насихатшылар іспетті. Мәні мен мағынасы терең, ескі әндер ұмытылып қалмай, сахнада шырқалуына септігін тигізіп келеді.



Тасбөгет кентінде орналасқан С.Майқанова атындағы мәдениет үйі жанындағы «Бастаңғы» аналар ансамблі 1989 жылы құрылған. Ансамбльдің атқарған істері ауқымды. Бірнеше шығармашылық концерт беріп, көпшіліктің көзіайымына айналған. Ән мен күйді құдіретіндей құрметтейтін халықтан оң бағасын алып, ықыласына бөленіп келеді. Талантымен тандай қақтырған, үнінің сыңғыры бұзылмаған әжелер халық әндерін жатқа біледі, тарихына қанық.

Өнердің берекесін арттырып жүрген батыр аналардан құралған ансамбль мүшелерінің ең жасы алпыстың ауылына ат басын бұрса, үлкені сексеннің сенгіріне шыққан. Ұжым өткен жылы 30 жылдық мерейтойына орай шығармашылық концертін берді.

Репертуарында халық әндерінің ескі нұсқалары да жинақталған. Халық әнінен өзге Ш.Қалдаяқов, Е.Белғозиев, Ә.Еспанов, Базар жырау термелері, өзбек, орыс, татар, қырғыз әндері бар. Аналар ансамбліне мәдениет үйінен арнайы бөлме беріліп, техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Өнер ұжымдары арасында өзіндік орнын қалыптастырған ансамбль түрлі байқауларға қатысып, жүлдегер болды. Қалалық «Дәстүрімің бал каймағы – әжелер» атты байқауға, салт-дәстүр, әдеп-ғұрыпқа байланысты ұйымдастырылған сайыстарға, фестивальдарға қатысып, марапат төрінен көрінуде. Өнер ұжымының әр мүшесі – жан-жақты,

талантты. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында өткен байқауда ансамбль мүшесі Ш.Көрпешова бас жүлдені олжалады. Алматы қаласында өткен республикалық өнер байқауына қатысып, түрлі номинацияны иеленді.

– Ұжымдағы әжелердің бәрі де өнерлі. Қазір ансамбльдің құрамында 11 әже өнер көрсетеді. Ұлттық салт-дәстүрімізді кейінгі буынға насихаттауға бағытталған шараларда білген-түйгендерін үйретіп келеді. Қоғамдық шараларда да белсенді. Наурыз мерекесінде «Наурыз көжеңін» дайындау әдісін, мерекеді жасалатын жөн-жоралғылар, ырымдарды көрсетеді. Әр дәстүрдің маңызын түсіндіреді. Батырлар жыры мен аңыз әңгімелер сайысына қатысып, орын алды. Мұнан өзге қайырымдылық шараларына атсалысады. Біздің басты мақсат – ұмытылып бара жатқан халық әндерін қайта жаңғыртып, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде көрсету, ұлттық өнерді ұлықтау, – дейді ансамбльдің жетекшісі Захира Сундегова.

Әжелер әрбір әннің иірімдері мен нақыштарына терең бойлап, орындайды. «Әннің де естісі бар, есері бар» дегендей олар әнді тыңдарманға талмай жеткізуге, әсем әсерге бөлеуге тырысады. Дені – көпбалалы, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған ардақты аналар, немере сүйіп отырған сүйікті әжелер. Өнші әжелер қала маңындағы ауылдар мен аудан орталықтарын түгел аралап, концерт беріп, табысты оралып жүр.

С.ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласындағы «Тәуелсіздік жылдарында таланттымен тандай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілеріміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті» делінген тұсы талантты жастардың тасада қалмауына, қайта қолдау білдіріп дәріптеу керектігіне тағы бір рет көз жеткізгендей.

Сара АДАЙБЕВА,
«Сыр бойы»

Қазақтың көне тарихымен бірге жасасып келе жатқан қасиетті қобыз аспабының ел арасында кенінен танылуына өлшеусіз үлес қосқан Қорқыт пен Ықыластың өнерін ілгері жалғастырушы жас таланттар өсіп келеді. Солардың бірі – Тоқтар Ағыраев. Ол жас болса

● ДӘСТҮР

Сыйластықтың шыңы – ат тергеу

Елден көрген бір оқиға еді ғой бұл. Ауылдан Қазалыға «Пазик» автобуспен шоқытып келеміз. Ауданға жақындағанда балалы әйел қол көтерді. Салдыр-гүлдір етіп тоқтай қалдық. Баласымен жүгіре жеткен келіншек сәлем берді де, «Кәрмәкстің автобусы ма?» деп салды. «Иә» дестік. Айтпақшы, Кәрмәкіс – Карл Маркс, қазіргі Бекарыстан би ауылы. Содан әлгі келіншек сөйлей бастады.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

– Ауылдан Нұрғұл тәте ақша беріп жіберу керек еді?!
– Қандай Нұрғұл?
– Сол сіздің ауылдағы.
– Ол қайсысы тағы? Кімнің қатыны? Енді ана келіншек састы. Соған қарағанда қайынаға не атасы болу керек. Деруу ұлына қарап:
– Төкенай, ақ көкенеңнің атын айта қойшы. 3-4 жастағы бала қапелімде не айтсын... Көзі бағжаң етті де, желбіреген танауын бір тартып қойды. Демек, ақ көкесі – қайынағасы.
– Әй, айтсай! Бала да ұмытқан болу керек. Ышқырын бір көтергені болмаса, үндемеді. Енді автобустағылар шулай бастадық.
– Әй, айта берші, атаң болсын, қайнаған болсын...
– Сонша керілгені несі?!
– Бол енді, уақыт жоқбай...
Нәті мықты екен мына келіннің. Айтпады. Шофер қасарысып ол тұр.
– Кім ол?
Келіншектің мұрны терши бастады. Сонда да қайнағаның атын атай тұр. Енді автобустың ішіндегілер жұмбақты табуға кірісті. Ананы айтты, мынаны айтты.
– Тұқымың көбейгір, Баубектің үйіндегі ме Нұрғүлін?
– Иә, – деп қалды қатты қуанған келіншек.
– Байғұс-ай, қайнағаның атын айтпаймын деп, ақшадан айрыла жаздадың ау...
– Әйі, – деп бір шырты түкірді шофер да. Ақшасын беріп, әрі қарай жөнелдік. Қайын жұртың қадірлей білетін келінге риза болып, шүкір дедім іштей.

Расмын халқымызда үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу жолында

тәрбиелік маңызға не салт-дәстүр жетерлік. Соның бірі – ат тергеу. Ұлтымыздың ешкімге ұқсамайтыны да осында. Әйел-аналарымыздың келін боп түскен уақытынан бастап, бұл дүниеден көшкенше атасы мен енесінің, қайынаға мен қайны, қайынапа мен қайынсіңлісін өз атымен атамай, лайықты есім қоя білуі – адам сыйлай білетінінің, кішіпейілділік пен ізеттіліктің, көргенділіктің ең биік көрінісі деп айтсақ артық емес.

– Балам, атам аттастың үйіндегі келін ауырып қапты. Барып көріп келмесем болмас, – деді дәрігер болып істейтін менің шешем. Бірден түсіндім, ауылдағы Жалғастың келіншегінің айы-күні жетіп отырған. Менен бақандай бес жас кіші көрші Жалғас бала келсе де, «Жөкем, халің қалай, жоғарыла», – деп дастарқанға шақырады. Жалғас деп отырғаным әулет үлкені, шешемнің қайын атасы.
– Келін аяқ-қолын бауырына алып, бәлінсәдан шығыпты, сол үйге кеттім, – деді жеңгем босанып келген жақын келінінің жағдайын білуге аттанарда.
– Қай келін еді ол? – деді ағам тұкке түсінбей...
– «Кәсемсәт» қайымының үйіндегі. Мұндайда қай қайыны екенін өзін де білесің. «К-700» тракторын айдайтын Айбек ағамды айтып отыр.

Қазір елде ат тергеу бар ма? Қаймағы бұзылмаған ауыл жұртында да заман құндылықтары қат-қабат ауысып, уақыт алға жылжыған сайын біраз тәрбие мен дәстүр ұмытылып барады. Қайыны мен қайынсіңлісінен бөлек, қайынаға-абысынды сыртынан дүңк еткізіп, атын атап, көзбе-көз көргенде «аға-

жеңге» деуден аспайтын келін мен жас жеңгелер толып-ақ жүр. Бәріне бірдей жала жабуға болмас. Салт-сананы бойына сіңірген кей жеңгелер толық болмаса да, бұрынғының ізімен «ерке бала», «мырза жігіт», «төрем», «ақылды», «еркежан», «мырзаға», т.б. теңеулер тауып, дәстүрді түгендеп жүр. Әйткенмен, көп жеңгелер «әй, қыз» бен «әй, сен бала» деген қаратпа сөзбен-ақ діңкенді құртады. Өзілдеп немесе бұрмалап болса да ат қою кей ауылдық жерде болмаса, қалалық жеңгелерде аздау. Үлкеніне сіз деп сызылып, бастысы, атын атамаса болды, «ат тергеу» деген ата салттан алыстау жүргені көп.

Айтпақшы, алыстан мені көрсе жасы үлкен болса да, жолымды кеспей, күтіп тұратын жеңгелерім жоқ емес. Иінағаштағы су толы шелек иығына батса да тапжылмай тұрады. Қиянқыллықа басып, жай жүрсен де, сол орнынан қозғалмайтын. Балаылықпен бұнысы несі дейтін едім, келін ойласам, елдегі дәстүрге сай, көлешек шаңырақ иесі, атпалдай азамат деп арқа тұтып, алдымнан кесе өтпеуінің өзінде мағыналы тәрбие тұнып тұр екен ғой.

Бұл құрмет еді...

Шіліңгір шілдеде болған жайт бұл. Сол күні аспан айналып жерге түскендей еді. Айтары жоқ. Шақырайып тұр. Қаланың «Запад» деп аталатын шағын аудандағы азық-түлік сататын үлкен дүкенге бұрылғанмын. Тоназытқыштағы литрлеп сататын қара суға жеткенше асық едім. Жеттім. Осы кезде өлі мен шөлді ұмыттырған бір ғажап диалог бола қалғаны.

Самбырлап сөйлеген бетінде сәл нокаты бар қара келіншек екен. Шекесіне қыстырған күннен қорғайтын көзілдірігі жарқылдаған күйі құс сүтінен басқаның бәрі бар, керекті дүниең самсап тұрған сөрелерді алшаңдап аралап келеді. Бітімі тап күреске түсетін адамның пошымына ұқсас. Бір қолында темір себет, екінші қолында табактай теле-

фон. Өзі мәз. Қос танауы желбіреген күйі әлдебір кішкентаймен сөйлеседі. Аңдап қарасам, онысы уатсаптың бейнеқонырауына ұқсайды. Назар аудармауға да болар еді, бірақ, әлгінің даусы тым жарқын естіледі.

– Ауыл қалай? Ар жақтан шамамен екі не үшінші оқитын баланың даусы шықты.

– Жаксы, мама.
– Қарның ашпадай ма?
– Жоға. Әжем үйінде бәрі бар, – деді баласы да. Шаамасы, бұл келіншек балаларды каникул басталғасын ауылға аттандырса керек.

– Ботам сол, жақында біз де барамыз.

– Иә, мен қазір әжемнің қасында ұйықтап жүрмін, мама.
– Әжен ұрыспай ма?!
– Жок та...

Дәл осы сәтте ар жақтан баланың үніне аралас кемпірдің даусы шыға қойғаны. Қызық енді басталды. Манағы жырқылдаған келіншек түрін тез жыйып алды. Шамасы, енесі шығар, бейнеқоныраумен сөйлескен мересінің телефонына үнілген болуы керек, біздің бергі жақтағы кейіпкеріміз бірден абыржып қалды.
– Әй, бұл қайсысы еді?! Ар жақтан кемпірдің даусы анық естілді.

– Мама ғой, әже. Кішкентай ұл түсіндіріп әлек.

– Әй, шешен жардай болып, мынаның ішіне қалай сыйып кеткен?! Құдай да шебер екен-ау.

Кемпірінің даусы қатқыл екен. Жақтырмағаны көрініп тұр. Оқиғаны барлап мен тұрмын мында. Манағы телефонға үнілген жан жегей кемпір даусынан кейін қалбалақтап, тіпті, телефонын қолынан түсіріп ала жаздады.

– Сәлем бердік, апа! Сасқанынан бейнеқонырауға қараған күйі иіліп, сәлем салғаны. – Мен ғой, мен, Гүлхашимамын. Қалайсыздар? Кемпір мұның сәлемін ар жақтан байқады ма, белгісіз, оған қараған Гүлекең жоқ, тағы да еңкейіп сәлем салып үлгерді. Телефондағы енеге. Абдырағаны анық еді. Мандайының тершігені соның белгісі ғой.

– Ә-ә, қарғам, өркенің өссін, етегің берсін. Кемпірдің де даусы лезде жұмсарды.

Мұны көрген мені әуелде күлкі қысқанмен арты әжептәуір ойландырғаны. Есіме ескі естелік келген.

...Ауылда ғой. Зират басына бармас бұрын шырақшыны ертіп әуелі Базарқожа баба басына құран оқытамыз. Мен ес білгілі солай. Осында жатқан, бақиға аттанғанның барлық жақыны әуелі әулиеге аялдамай, өз әже-шешесі не бауырының басына бармайды. Екі жүз жылдан бері құламай келген әулиенің кам кірпішті қорымына тізе бүгіп, шырақшы оқыған Құран мақамына іштей мүлгіп, бет сипайсыз. Содан соң мұнда жатқан жақыныңа барып, топтырақ салып, «тие берсін» айту пәрыз.

Айтпағым басқа еді. Атам мен апам жатқан төртқұлақ тамның басына келген үлкендердің ізінде мен де бармын. Шешем де бізбен бірге. Құран басталмай жатып көргенім, шешем қос қолын айқастырып, иілген күйі «сәлем бердік» деді. Кәдімгі тірі ата-енесін көргендей істеді. Базбіреулер айтқып жүрген аруаққа табынушылық емес, бұл, шынтуайтқа келгенде, құрмет еді.

Сәлем ғой айтпағымсыз. Ауылдағы мен өскен үй қарашанырақ болса, Ұрымхан апа «қайнаға мен шешейдің орны ғой» деп шаңыраққа сәлем салатыны бар. Қайнаға мен шешейі «түйе қарап кетсе де» құрметі әлі түгесілмепті.

Айтпақшы, мың жерден шал-кемпірдің ерні тиген, бұла болып өскен менің өзім сәлемдесуге келгенде ұмытпайтын бір қағидам бар. Ол – атам мен әкемнің, ағаларымның кішкентайымнан үйреткені. «Ас-салаумағалейкумді» айтқанда даусыңда анық қып, еңсенді көтеріп амандас. Ылғадағатсыз берген не алған сәлемнің қайыры аз» дейтін олар.

Сәлемді қалай берудің өзі құрметке жетелейді емес пе?!



Кезінде сұлу Сырдың бойына орын теуіп, Ақмешіт атанған қала, Кеңес өкіметі кезеңінде Қызылорда болып өзгеріп, кейіннен республика астанасына айналғанын бәріміз білеміз. Кеңестік кезеңдегі қаланың жұпыны көркі естияр азаматтардың есінде. Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жүргізген саликалы саясаты мен экономикалық оңды өзгерістерінің арқасында, тәуелсіздік алған 30 жыл көлемінде Қызылорда облысы халқының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы үлкен жетістікпен алға жылжыды.

АСЫЛ АЗАМАТ ЕДІ

(М.Ф.Саламатов туралы естелік)

Берген сол кездегі Премьер-министр С.Терещенко екен. Оңтүстіктің тумасы, біздің мүмкіндігімізден хабары мол болатын.

Таныстық, сөйлестік, пікірлестік, барып көретін болып келістік, танысу барысында келісті, көрікті, білімді, ақылды азамат екенін байқадық.

Ол кезде Шымкенттен Қызылордаға ұшақ қатынайтын. Келісілген уақытта, Ф.Клутман екеуміз ұшақа отырып, Қызылордадан кеніш орталығына мекеменің тікұшағымен жетіп, барлық жағдайды көзбен көрдік.

Шынында да қиын екен, соғыстан кейінгі жағдайды көргендей боласын, әр жерде қаңқасы жатқан техника, ашық-тесік тұрмыстық вагондар. Сонымен қатар, құрылыс алаңдарын аралап, істеліп жатқан жұмыстармен танысып, вахта поселкасында болдық. Жұмысшы-қызметкерлердің игілігіне бағытталған істерді көзімізбен көрдік. Қайтарда, мекеме кеңсесінде болып, басшылармен танысып жұмысты бастауға уағдаластық.

Мен Сыр елінің, соның ішінде Қазалы өңірінің тумасымын. 1969 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтын бітіріп, жолдамамен Шымкент қаласына келіп, қызметімді Одақ көлеміндегі үлкен трест – «Шымкент-промстройда» қатардағы инженерден бастап, аз уақытта бүкіл трестің өндіріс бөлімін, одан кейін трестің «Заводстрой» құрылыс басқармасын басқарып, шамалы уақыт салып бүкіл трестің бас директоры қызметіне көтерілдім. Осы салада 45 жыл еңбек етіп, бүгінде күрметті ардагермін. Кезінде талай партия, кеңес орындарына қызметке ұсынғанымен, өндірістік құрылыс саласында қызмет атқарғанды жөн санадым.

«Шымкентпромстрой» өзінің күш-қабілеті, техникалық қуаты, инженер-техникалық қызметкерлердің білімділігі жағынан әр жылдары «Минтяжстрой СССР»-дың бесігіне кіретін үлкен ұжым болатын.

Мұнай өңдеу зауыты, фосфор өндірісі зауыты, шина жасау зауыты, пресс-автомат, асбошифер зауыттары, Кондитер фабрикасы, нан зауыты, Атырауда ұй комбинаты, Теміртауда Магниткадағы ақ қанытқыр цехы, т.б. өнеркәсіп орындары, инженерлік жүйелер, мектеп, ауруханалар, тұрғын үйлер, тәуелсіздік алғаннан кейін «Сарыағаш» су жүйесі, қан құю станциясы, т.б. құрылыс нысандарының басы-қасында болып, басқару жүйесінде араласа қызмет істеудің сәті түсті. «Минмонтажспецстройдың» мердігер мекемелері бізбен жұмыс жасайын, олар жұмысқа өте қабілетті болатын.

Мұның бәрі мақтаныш үшін емес, орайы келіп тұрған соң айтылуы тиіс, сол кездегі құрылыс жұмыстарының ауқымын көрсету сияқты болып көрінеді. Сонымен, жұмысқа қуана кірістім. Өйткені, осындай қиын кезеңде өскен ортана қол созу мен үшін үлкен абырой деп түсіндім.

Жаңадан «Құмкөл» деген акционерлік фирма құрып, жұмысқа Қызылордадан жергілікті қызметкерлер мен жұмысшыларды қабылдап, қаладағы темір жолдың арғы бетіндегі «Шанхай» деген ортадан, бұрынғы әскери отрядтың территориясын жалға алып, жұмысты бастап кеттік. Жалпы басқару жүйесі маған бағынышты болды, өзімнің негізгі жұмысыма қосымша ретінде, күнделікті жұмыс жүргізу – жергілікті басшылықта болды. Құрылыс материалдарының бәрі, темір-бетон бұйымдарына дейін Шымкенттен тасымалданды.

Шымкентте өзіме қарасты мекеменің қанша жұмысы бар, дегенмен, аптасына кейде екі рет құрылыс алаңына келген кездер болды.

Сонымен қатар, өзімізбен бір-ге мықты мердігер мекемелерді – «Казхиммонтаж», «Казхимэлектромонтаж», «Спецстройды» ала келуімізге тура келді.

Нәтижесінде, құрылыс алаңынан «Главболгарстройды» ығыстырдық, үкіметтің долларын мемлекет қалтасына қалдырдық. Атқарылған жұмысқа, ақша болмай, бізбен мұнай өнімдері есебімен есептесетін. Өйткені, Шымкент мұнай зауытына жөнелтілген мұнайдан біз өзімізге тиесілі үлесімзді, бензин, дизтопливо, мазут есебінде алып, жабдықтау мекемеміз арқылы қаражатқа айналдырып, қызметкерлерге айлық төлеп отырдық.

Кеніш аумағында 12 дана групповая установка (ГУ), 15 дана замерная установка (ЗУ) салдық, орталық трубабал жүйесін жасадық, мұнай қорын сақтайтын 5000м³ – 4 резервуарды іске қостық, тікұшақ қонатын алаңды пайдалануға бердік. Араға уақыт салып, «Құмкөл» мұнай кеніш өзінің жұмысын жолға қойып, жаз айында мұнай өндіру 3 млн тоннаға жетіп, үлкен іс-шара өткізілді. Кейіннен Үкімет кеніш орнын Канаданың «Харриквет» компаниясына сатып жіберді.

Кеніш шетелдіктерге сатылғаннан соң, аздаған уақыттан кейін біз де өз жұмысымызды абыроймен аяқтадық. Аталған құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізген кезеңде Қызылорда қаласынан көптеген инженер-қызметкерлер еңбек етті. Мекеме басшылығында болған инженерлер: Б.Сергизев, Еркебай, марқұм Б.Жармұхамедов, есепші Бақыт, сондай-ақ Шымкент өңірінен Е.Чуклин, М.Ибрагимов сияқты азаматтардың еңбегі айтуға тұрарлық.

«Құмкөл» кенішінде қызмет атқарған тұста ел-жерді таныдық. Облысқа белгілі тұлғалармен таныстығымыз арта түсті. Сөйлеп Шаухаманов, Аманкелді Әбдібаев, Нахмидин Мұсабаев, Жарлықасын Шәріпов, Нұрлыбай Ұлықпанұлы сынды азаматтармен сыйластық қатынастарымыз қалыптасты.

Кеніш орны сатылғаннан кейін М.Саламатов министрдің орынбасары қызметін атқарып, артынан ауыр дертке ұшырап қайтыс болды.

Қызмет жасаған жылдары талай өндіріс басшыларымен араласудың сәті түсті.

М.Саламатов ерекше тұлғалы ұлтжанды азамат, қазаки мінезді, ұлттық қасиеттерді бойына жинаған ірі тұлға болатын. Өзінің азаматтық борышынан зор денгейде атқарды, күні-түні демеі, ыстық-суыққа төзіп, денсаулығының сыр беруі де соның салдарынан болуы керек, әйтпесе берері мол еді. М.Саламатов Қызылорда облысында мұнай өндірісінің үлкен жүйесін қалыптастырды, соның, жемісін өңір тұрғындары көріп отыр. Көптеген азаматтарды тәрбиеледі, соның бірегейі – кезінде «Ожнефтегаздың» бас инженері болып қызмет атқарған Алик Айдарбаев республикаға белгілі қоғам қайраткері үлкен басшылық қызметте. Мұнай саласындағы көптеген ірі қызметтегі азаматтар оның сыйлас інілері, көбісі шәкірттері болатын. Қызметтес болған, елге еңбегі сіңген асыл азамат туралы айтуды жөн көрдім. Қызылорда қаласында ол кісіге бюст тұрғызғаны туралы хабардармыз, келешекте мектеп, колледждерге де аты берілер.

Ең бастысы, қиын кезеңде атқарылған істің жемісін жергілікті халық көріп отыр.

Алданазар ҚҰРМАНБАЕВ,
Шымкент қаласының «Құрметті азаматы», Қазақстанның «Құрметті құрылысшысы», «Құрмет» және «Даңқ жұлдызы» ордендерінің иегері

Ана мен бала саулығы – ұлт байлығы. Мемлекеттің жарқын күні, халықтың баянды болашағы ана мен бала денсаулығына тікелей байланысты. Демек, осы салада тер төгіп, ұлт саулығына ғұмырын арнаған жандардың еңбегі өлшеусіз. Ана бақытын алғаш сезінген талай нәзік жандардың қуанышымен бөлісіп, шыр етіп дүние есігін ашқан сәбилердің кіндік шешесі атану да екінші бірине бұйыра бермейтін бақ. Ақ халатына дақ түсірмей өткен сондай абзал жандардың бірі, анамыз Гүлбибі Райымқұлова еді.



ІЗГІЛІК ІЗІ ӨШПЕЙДІ

Гүлбибі Байсеркеқызы Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылында дәрiгерлер отбасында дүниеге келген. Еңбек жолын Тасбөгет кентіндегі перзентханада акушер болып бастаған ол 40 жыл медицина саласында қызмет етіп, халықтың алғысына бөленді. Өмірін жастарға жол көрсетіп, ұлт саулығына қатысты өз тәжірибесімен бөлісуге арнаған абзал жанның бүгінде орны ойсырап тұр...

– Тумысы бөлектердің тағдыры да бөлек екендігі қашанда ерте сезіледі. Осы қағида қадірі қимас достарыңнан көз жазып қалғанда, жалған дүние алдында еркіннен тыс тосылып қалады екенсін. Өріптесім әрі замандас, тағдырлас досым Гүлбибі Райымқұлова жайлы суық хабарды естігенде, осындай күйде болдым. Мен үшін Гүлбибі көп достарымның бірі ғана емес, бірегейі еді. Оның өмір жолы күтпеген тұстан ерте үзіледі деп кім ойлаған? Ауыр хабар сол сәтте санамды суытып, жанымды күйзелтті. Қара жерді қарыштап басып, бірге өткізген көп күндер, әріптестен достыққа ұласқан жастық шақ, жұмыстың ыстық-суығын бірге көрген көңіл-күйім толқып, санам сапырылысып кетті.

Ол тумысынан ерекше жан болды. Ұжымға алғаш келген күннен бастап өзінің тынбайтын еңбекқорлығымен, мұнтаздай тазалығымен, өзгелерге деген жанашырлығымен ерекшеленіп еді. Оның болмысының бөлектігі мен даралығын шыққан тегінен жұғысты болғанын көзіне айтпаса да, іштей мойындап, сезінетімін. Құрбым еңбек етіп отырған ұжымын айрықша қадір тұтатын. Әрдайым әріптестеріне ұжым үшін аянбай еңбек етуді ісімен де, сөзімен де насихаттап отыратын. Өмірді сүюді, айналадағы әдемілікті бағалауды мен Гүлбибіден үйрендім. Сабырлы дауысымен сөйлеуі, асықпай жасайтын берекелі тірлігі мен үшін ғана емес, ұжымдағы қыз-келіншектерге де үлгі болатын. Медицина саласында осындай мейірімді де таза жандар қызмет етуі керек деп ойлайтынмын.

Ерекше есте қалғаны – біздің емхана ұжымы бір жылда Гүлбибінің үйіне кемінде екі рет қонақ болып баратынбыз. Сонда Гүлбибінің дастарқанынан Аралдың балығы, түйенің өркеші, Қармақшының шұбаты мен Сырдарияның қымызы үзілмейтін. Тіпті Гүлбибі бәрін қайдан әкелінгенін, ол тағамның құрамын, ағзаға тигізер пайдасын түгел айтып бере алатын. Сондай-ақ дастарқан басында жарқын әңгімелер айтылып, әзілмен қалжыңдасып отыратын-быз. Жолдасы – Кеңес – менің күйеуіммен сыныптаст. Гүлбибінің пейіліне сай отағасы да жора-жолдасқа бай, қолы ашық, кең

адам деп айтар едім. Кеңес пен Гүлбибінің жақсылығы ағайын-туыс пен достарының арасында әлі ұзақ айтылады деп ойлаймын.

Амал қанша, аяулы құрбымның барша адамзаттан қонысын бөлек салғанына да, міне, жыл болды. Оның жан тазалығы, болмыс-бітімі, отбасына қандай қадірлі болса, ұжымына да өшпес өнеге, үлгі болатынына сенемін. Ізгіліктің иесі, жақсылықтың киесі болған жанды біз ұмытпаймыз, – деп еске алады әріптесі әрі замандасы Әсем Байқадамова.

Адам өмірінің қорғаушысы атанған медицина саласы ерік-жігермен қатар жан жылытар мейірімді де қажет етеді. Ауырғанда шипа іздеп алдына барған кезд келген науқасқа қолдау білдіріп, тіпті кейде оларға екінші өмір сыйлайтын жандардың қатары көп емес. Саналы ғұмырын осы бір қиын салаға арнаған анамыз тек қызметте ғана емес, отбасының да ұйытқысы, шырағы бола білді.

– Табиғат әйелге былай дейді: қолыңнан келсе, сұлу бол, қаласаң, дана бол, ал саналы, ақылды болуға сен міндеттісің. Бұл қасиеттің барлығы менің бауырымның бойынан табылды. Оның сұлулығы мен даналығына, ақылы мен парасатына ешкім шұба келтірмейтін. Қиындығы мен қуанышы қатар жүретін медицина саласында еңбек ете жүріп бала тәрбиесі, бауыра деген қамқорлығынан еш таңған емес. «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді» емес пе? Гүлбибі де ізгілік атаулының барлығын бойына жинап біздің көп көрсетер бағдаршамымыз бола білді. Ол 4 баласына саналы білім, саналы тәрбие беріп, жоғары білім алуына жағдай жасады. Келін түсіріп, немере сүйіп, тамырын тереңге жайған мәуелі бәйтеректей әулеттің анасына айналды. Оның жарқын бейнесі туған-туыстарының ғана емес Тасбөгет халқының жүрегінде десек, артық емес шығар. Себебі, «Баламның кіндік шешесі еді» деп көңіл айтып келген халықта есеп болмады. Бес күн жалған өмірде артына өшпестей із қалдырып, дүниеден өтсе де алғысын жаудырып жатқан жұрттың ниеті жанымызға медеу, – дейді анамыздың бауыры Бейбітгүл.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Сондағы жалпының іздейтінді біреуі: ол – адамгершілік айнасы. Өмір жолында осындай құндылыққа кір келтірмеген асыл жанның шұғылалы бейнесі біздің мәңгілік жадымызда.

Ербол БЕКЕНОВ

БҰЛ ДА БІР БЕЛЕС

Жер аумағы 226 мың шаршы шақырымды қарайтын өңірде қазір 800 мыңнан астам халық тұрады. Қызылорда облысы – Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің төменгі ағысында және Тұран ойпатында орналасқан. Қазақстан Республикасының бірнеше аймақтарымен, оның ішінде Түркістан, Қарағанды, Ақтөбе облыстарымен және Қарақалпақстан Республикасымен, Өзбекстанның Науаи облысымен шектеседі.

Оғыз-қыпшақтардың ордасы, мәдениеті қанат жайған Жент пен Жаңақала, өркениеті өрлеген Өзгент пен Баршынкент, сауда мен қолөнері көркейген Асанас пен Сауран, тарихшылар «қыпшақ даласының гавани» деп атаған салтанатты Сығанак – біздің ұрпаққа ұлы сананы ұмыттырмай топырақтың қойнында, тарихтың ойында жаңғырып келе жатқан жәдігерлеріміз.

Өңірдің табиғаты бай. Сыр аймағы – кен байлықтарынан да «біздерде мынадай бар» деп айта алатын ел. Облыста ас тұзы, сульфат, мирабилит шикізаттарының орасан қоры бар.

Қазан төңкерісіне дейін уезд орталығы болып келген Қызылорда БКП(б)-ның 15-сөзі жаңаша әкімшілік-территориялық басқару жүйесін

ендіргеннен кейін 1928 жылы Қызылорда округі болды. 1930 жылы округтар таратылып, Қазақстан бойынша 175 аудан құрылды. Осы кезде Қазалы, Қармақшы, Аламесек, Терөзек, Шиеді, Қызылорда аудандары Оңтүстік Қазақстанның құрамына енді. 1938 жылы Қызылорда өз алдына облыс атанып, құрамына 7 аудан кірді.

Қашаннан сүлейлер мен саңлақтардың отаны болған Сыр елі – Базар жырау, Шораяқтың Омары, Нұртуған, Тұрмағанбет, Бұдабай, Нартай сияқты ақын-жыршылар мен Әбділде, Асқар, Қалтай, Өбраш, Жарасқан, Қомшабай, Иран-Ғайып секілді сөз зергерлерін өмірге әкелген өлке.

Тәуелсіздік жылдарында Қызылорда облысы жанажа түлеп өсті. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғарылап, облыс орталығы мен аудандар жаңа кепілге енді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысының дамуынан көруге болады» деген сөзі – біздің өңіріміздің айтылып отырған толайым табыстарына нақ берілген баға.

Міне, осы өрлеу бүгін де жалғасып келеді.

«СБ» ақпарат

АЛДАНБАУДЫҢ АМАЛЫ

Бүгінгі күні өмірімізді ұялы телефонсыз елестету мүмкін емес. Ал олардың өндірушілері күн сайын жанасын жарнамалайды. Жаңа заманауи телефон алу – көптеген адамдардың арманы, тіпті кейбіреулер ол үшін банктен несие рәсімдеуге дайын. Ал сол телефон бұзылып қалса өте өкінішті.

Бұл ретте тұтынушылар аталған келенсіздікті жою үшін сауда орталығына барып, сынан ұялы телефонды басқасына ауыстыруға немесе ақаулы тауарды кері қайтаруға тырысады, бірақ сатушылар тауарды қайта алудан бас тартады. Сатушылар заң талаптарын орындауға асықпайды.

Мұның бәрі – тұтынушылардың көбіне сауда жасаған жерден құжаттарды алмауынан. Чектерді де, кепілдік талондарын да керек деп санамайды. Чекте ең алдымен сатушының барлық деректемелері көрсетіледі, телефон сынып қалған жағдайда оны тауып алу да қиындық тудырмайды. Екіншілен чек – бұл сіз телефонда дәл сол сауда нүктесінен сатып алғандығыңызды дәлелі. Кепілдік талоны – ол да сатып алған-

дығыңызды дәлелдейтін құжат. Осы жерде сатып алушы мұқият болуы, талонда мөр басылғанын, бар болса қандай мөр екенін тексеріп алуы керек.

Егер құрылғы істен шығып қалса, ол құжаттар сізге ауадай қажет болады. Әрине, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» қолданыстағы заңға сәйкес, егер қажетті чек пен кепілдік талоны жоғалып қалса, тауарды сатып алу фактісін дәлелдеу үшін тұтынушы қуәгерлерді тартуына болады. Дегенмен, чек пен кепілді талонды сақтап қойған әлдеқайда оңай.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға сәйкес сатып алушы сынан телефонды соның жұмыс істеп тұрған баламасына ауыстырып беруін талап ете алады. Сондай-ақ, тұтынушы телефонды жөндеуге ақша төлеуін немесе ақаулы телефонның құнын

қайтаруын талап ете алады. Бірақ осылардың біреуін таңдауы қажет. Сонымен қатар, телефонның ақаулы екенін, оны құлатып не суға түсіріп алмағандығын да дәлелдеу керек. Сараптамаларды сервис орталықтары мен арнайы аккредиттелген ұйымдар жүргізеді. Егер телефон бұзылуына сатып алушының кінесі жоқ екендігі анықталса, онда сатушы телефонды ауыстыру немесе ақшасын қайтару бойынша талапты орындайды. Сараптама қорытындылары күмән туғызса, онда өз есебіңізден басқа сервис орталығының көмегімен телефонның техникалық жағдайына тәуелсіз бағалау жүргізе аласыз. Ал тұтынушының қолында сараптама нәтижелері мен басқа да құжаттары болса, онда оның сотта жеңіп шығу мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрілігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қызылорда облысының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті. Тел: 8(7242) 23-50-72, 23-50-66. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №52 ғимарат. Инстаграмм: dzppkyzylorda Фейсбук: ДзппКызылорда.



Сәулелі жүрек

Мен бұл мақаланы жазарда елу жыл бұрынғы оқиғаны еске алдым. Архив материалдарына үңілдім. Зерделедім. Сол кездегі азаматша бейнесін көз алдыма елестеттім. Жас комсомол жетекшісінің ой-өрісін, сөз байламдарын, талғам дүниесін, өмірлік ұстанымын, принципті көзқарасын ашық айта білетін, мақсаткерлігін айқындап алған жастар жетекшісі екен деп ой қорыттым. Бұл әңгіме өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында Жалағаш ауданы «Жаңаталап» совхозының комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарған Райкүл Нұрмағанбетова туралы болмақ.

Облыстық комсомол комитетінің бюро мәжілісіне жоспарлы түрде «Жаңаталап» совхозы комсомол комитетінің жастардың бос уақыттарын тиімді пайдаланудағы жұмыстары жайлы» мәселені зерделеуге тура келді. Мен ол кезде облыстық комитеттің насихат және мәдени-көпшілік жұмыстары бөлімінің менгерушісімін. Ауданға келісімен Жалағаш аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы Ресалды Ақмолдаева екеуіміз автобусқа мініп, «Жаңаталапқа» жол тарттық. Ауыл өмірімен танысып, көрген-білгенімізді, жастарға қатысты мәселелерді совхоз партия комитетінің хатшысы Сатмағанбет Алшынбаев ағайға баяндадық. Қолдау жасауын өтіндік. Сол кездегі совхоз директоры Алдаберген Бисенов ағамызға сәлем беріп, ауылдағы жақсы істерге куә болғанымызды, шешімін табуға тиісті мәселелерге қамқорлық жасауына да ретін тауып назар аударуын сұрадық. Ағамыз өзіне тән сабырлы қалпымен мүқият тындап, оларды қағаз бетіне түсіріп, шешу жолдарын түсіндіріп, жақсы көңіл күйде отырғанын байқадық.

– Енді Жалағашқа калай жетесіңдер, автобус болса да жоқ, далада жаңбыр құйып тұр, күн кеш болды, – деді. Не керек, ағамыз сү жаңа водавозды шақыртып, аудан орталығына жеткізіп салуға тапсырма берді. Байқаймыз, ауылда жақсы ахуал қалыптасқан, ортақ мақсат үшін күресте ынтымақ-бірлікті ту етіп, әрбір қоғамдық ұйымның атқарар қызметін нақты белгілеп алғанға ұқсайды. Мұны Райкүлдің бізге берген хабарламасынан, атқарылған жұмыстардың нақты көрінісін шаруашылықтың мәдениеті үйінде шығарылған әсем безендірілген қабырға газетінен аңғарғандай болдық білем. Нұрмағанбет әкеміз бен Ақылжай анамыздың ақ дастарқанынан дәм татып, батасын алып елге қайттық.

Облыстық комитеттің бюро мәжілісінде Райкүл Нұрмағанбетқызы өте мазмұнды хабарлама жасап, әрбір айтқан сөзін нақты дәлелдермен баяндап, бюро мәжілісін басқарушы, облыстық комитеттің бірінші хатшысы Аманкелді Сейдәліұлы Құдайбергеновтің қойған сұрақтарына нақпа-нақ жауап беріп, ауыл жастарының жетекшілері қандай дәрежеде болуы керек екенін дәлелдеді. Ол кезде есеп беруші хатшы қызбен бюро

ро мәжілісін басқарушысының одан жиырма бес жылдан кейін туған құда-жекжат боларын білмеген де шығар.

Иә, сол күндердегі жастар жетекшісі бүгіндері 70 жасқа толып, бақытты өмір кешіп, көптің бірі, бір үлкен әулеттің бибатыма анасына айналып, ұл-қыз тәрбиелеп өсірген Сыр өңіріне енебегі сінген Нағымдин Дәрібаев сынды азаматтың жан жары бола білді.

Мектеп бітірісімен өндірісте қалып, еңбек жасап, елдің қоғамдық – саяси өміріне белсене араласып, көпшілікке өз ісі арқылы таныла білген Райкүл Нұрмағанбетқызы Қызылорда педагогикалық институтының казак тілі және әдебиет факультетіне сырттай оқуға түсіп, еңбек жолын жалғастыра берді. Жоғары басшылық тарапынан Мәскеу қаласындағы жоғары комсомол мектебіне ұсыныс жазылып, жолдама да бергізілді. Бірақ елдегі ата-анасына қолғабыс жасап, көмек көрсетуді басты міндетім деп санаған оның алға қойған басқа да мақсаттары жеткілікті еді. Ауыл жастарының белсенділігін көтеріп, пайдалы еңбек етуге баулу, әрбір жастың механизатор мамандығын игеруге бастамашыл болуын қолға алып, совхоздың бас инженері Тұрмағанбет Асановпен бірге қызу жұмысқа кірісіп те кетті. Осының нәтижесінде ауыл жастары техника руліне отырып, ауыл шаруашылығы жұмыстарының қызу кезінде шаруашылық басшысының ұсыныстарына әрдайым қолдау көрсете білді. Бұл шын мәнінде шаруашылық басшысы, Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисенұлының өнегелі өмір жолының үлгісі еді. Бір топ жас озат механизатор жастарды бастап шаруашылық есебінен Германия Демократиялық Республикасына туристік сапарға да шығып қайтты. Көптеген жастарды Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларына оқуға жіберіп, жоғары білімді мамандық иелері атанды.

Жоғары білім мен мамандық алғаннан кейін Райкүл Нұрмағанбетқызының өмір жолы педагогикалық қызметке ауысты. Өзінің туып-өскен көрші ауылындағы орта мектепте оқу ісінің менгерушісі, Қызылорда қаласындағы №136, №187 мектептерде ұстаздық қызмет атқарып, абыроймен зейнеткерлікке шыққан қарапайым да, қайсар казак қызы болып қалды.



Жоғарыда атап көрсеткенімдей, Сыр бойының абзал азаматы Нағымдин Көшербайұлымен бірге 42 жыл бақытты өмір сүрді.

Райкүл Нұрмағанбетқызы өз естелігінде былай дейді. «Нағымдин екеуіміздің 42 жыл бірге өткізген берекелі кезеңімізде ойлап отырсам, менің бар болмысым оның өмірімен, арман аңсарымен, қызметте өсу мәртебесімен, қоғамдық ортада алған абыройымен біте қайнасып кеткен екен. Нағымдин зейнетке шығарында: «Мен бір ұжымда табан аудармастан 42 жыл үзіліссіз еңбек еткенім бір адамның ғұмыры дерлік осы кезеңде не тындырдым, артыма қандай тағылымды із қалдырдым?» деп ойланып-толғанумен, өзіне-өзі есеп берумен болды.

Нағымдиннің сол қырық екі жыл еңбек өтілінде тіршіліктің күнделікті қарбаласымен, қызмет бабындағы жауапкершілігімен, өндірістің бетпе-бет келетін, тіпті беттен алатын десем де болады, күрмеуі қиын, шешімін оңай таптырмайтын қым-қуыт міндеттерін қайткенде де оңтайлы орындаумен өтті десем, артық айтқаным емес. Сол уақытта Арал мен Қаратаудың аралығында ізі қалмаған жер жоқ-ау. Халықты, өндіріс пен ауыл шаруашылығын қайткенде энергия қуатымен қамтамасыз етеміз деп, ұжымдастарымен бірге талай өңірді мың қайтара шарлады». Өмірлік жары Райкүл Нұрмағанбетқызы және сырласа отырып: «Сен еңбек жолыңды сәтті бастадың. Алғашқы адымыңды қатардағы қарапайым инженерден бастап, вице-президент, коммерциялық директор лауазымына дейін көтерілдің. Адал еңбегіңнің нәтижесімен облыстың абыройлы, әріптестеріңнің айта жүретін қадірлі азаматына айналдың. Мәртебелі

тұғырыңа тынымсыз еңбегіңмен көтерілдің. Артында айдынды іздерің қалған сайын абырой биігіне өрлей бердің деп айтатын едім» – дейді.

Өткен күндерді, ұмытылмас сәттерді, отау құрып, ағайын-туыс арттырған ең бір қызықты күндерді саликалы сөзбен ой елегінен өткізген Р.Нұрмағанбетқызы мынадай да естеліктерімен бөліседі. «1974 жылы Ардақ, 1976 жылы Дана, 1979 жылы Қайрат, 1987 жылы Айдос келді ғой дүниеге. Балалардың алды балабақшаға, мектепке бара бастады. Ағайым Бақытбек, жемем Ұмітай балаларына бас-көз болсын деп Фариданы қолымызға берді. Осындай балалық-шағалы болғасын үйімізді кеңейтуге тәуекел деп талпыныс жасадық. Үш бөлмелі пәтерге қол жеткізу қиын болып тұрғанда, Қуат-жан ағай орталықтан 4 бөлмелі пәтердің кілтін қолымызға ұстатқанда, қуанышымызда шек болған жоқ.

Қаланың ортасынан алған үйімізден қонақ арылмайтын. Жаңа үй болған жас отбасы ғой демейді, жан-жағымыздан бірі келіп, бірі кетіп жататын. Келген себепін қона жапып айтады. «Келгенше қонақ ұялады, келесіні үй иесі қысылады» дейді ғой. Алғашқы кезде, қонақ келгенде көдімгідей қысылып қалатын едік, қонақтың қай жағынан шығамыз деп. Ел-аған, Дәкен бас болып, Тиыштық, Токсұлу, Әріп, Үкі апа, Базарбек, Әмірхан, Аманкелді ағалар біздің күнделікті күйбеңмен жүріп ортадан шеттеп қалмауымызды ойлап, ағайынның, құда-жекжаттардың қызығы мен қайғысынан қалдырмай, қатарларына алып жүрді. Дәкен апам әрі абысыным: «Ағайын қатысқан ғана туыс, қатыспасаң, қаймана қазақтай болады» деп тәрбиеледі. Біздің үйіміз, анығын айтқанда, ағайын,

жекжаттардың оқуға түсуге келген және оқуға түскен студент ұл-қыздарының орталығына, дәлірегі екінші үйіне айналған-ды. Бәріміздің асқар тауымыз Ел-аға Комсомолдағы совхоз-техникумның оқуына түсірген Жаксылық ағаның баласы Жарасты және Әймен ағаның баласы Қасымды біздің қолымызға тапсырды. Ол екеуі есті балалар екен, аға үмітін ақтады.

Иә, Нағымдин мен Райкүлдің тату-тәтті жылдары осылай болып өмірден өткеніне бәріміз куәгерміз. Райкүл өз ойын одан әрі жалғастырып: «Бізді Алланың қолдауының кемі жоқ. Бізден кейін қайыларымын Айкең Ұлпанымен, Қырымбек Гүлнәрімен, Болат Ғалиясымен, Жомарт Динасымен, Талғат Жадырасымен бас қосып, бір-бір үй болғанда айналамыз кеңейіп, өрісіміз ұлғая түсті. Нәкеңнің қадағалауы қызымыз Ардақ пен Дана, ұлымыз Қайрат пен Айдос облыс орталығындағы № 23 іргелі казак-орыс мектебін бітірді. Айтайын дегенім, жұбайымның салмағы мың батпан, жауапкершілігі бұлтартпайтын жұмысынан уақыт тауып, балаларының оқуына, тәрбиесіне ыждағатты қараған еңбегі қайтты. Алла бізді қоллады. Ардағымыз осы күні «Казкоммерцбанкте» бас бухгалтер. «Папам сияқты мен де жиырма жылдан бері бір саладамын. Еңбек кітапшамда бір ғана бұйрық бар», – деп еркелегенде, жүзі жадырап қалатын еді.

Ал Данамыз Алматыда Нағашыбай Шайкенов атындағы Заң институтын бітірді. Банк саласының білікті де беделді қызметкерлерінің бірі болып қалыптасты. Қызымыз қазіргі күні «Фортебанкте». Қайрат пен Жанар қолымызда болды. Тұңғыш немереміз Әлімжанның орны ерекше.

Ал Қайрат «ҚазТрансГазАймақта» бөлім бастығы. Аллаға шүкір, үйде де, түзде де абыройлы. Жанарымның ата-анасы, Құдай қосқан құдам Ахан Әбдікәрімов, құдағым Гүлзия Шүленбаева да игі жақсылардан. Кенжеміз Айдос әкесі оқыған Алматының энергетикалық институтында білім алып, ізбасары болды.

Балаларымызды осы кезеңге, бір меже, бір деңгейге әкелуіміз – тек жұбайым екеуіміздің енебіміз деу артықшылық болар. Біздің соңымыздан ерген інілеріміз балаларды бір мезет те назардан тыс қалдырған емес, үнемі бақылауда ұстады», деп ой түйіндеді.

Нағымдинді еске алу арқылы Райкүл Нұрмағанбетқызы өзінің жан-жағындағы туған-туыстарына деген ыпнайы сезімін баяндап та берді білем. Өмір жолының бастауындағы жастық жалынын жанұясына арнаған аналық меірімі осылай-ақ болар.

Сайлаубай ӘБШЕВ

АНЫҚТАМА АЛУДЫҢ ТӘРТІБІ БАР

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

- соттылықтың болуы туралы анықтама беру;
- әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы анықтама беру;
- мұрағаттық анықтама беру;
- прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апиольі қою туралы анықтама беру.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде комитет аталған мемлекеттік қызметтердің үш түрін автоматтандыру және онтайландыру жөнінде біркәрт іс-шаралар жүргізді. «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді онтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни mGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген. Бұдан бөлек азаматтар шетелге шығу үшін анықтама алуға сұрауды портал арқылы электронды беру мүмкіндігіне ие болды. Бұл қызмет түрін бұрын мемлекеттік корпорацияға барып, (қағаз құсқада) алатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKz-Vot»/Telegram-бот көмегімен алуға болады. Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін Egov.kz порталында жеке кабинетке тиісті деректер енгізіледі. Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «Egov-KzVot» іздеу жолына енгізу, бағын/кайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» енгізу/кайта енгізу «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS-хабарлама келеді. Кодты енгізгеннен кейін сотты болғаны немесе болмағаны туралы ақпарат беріледі. Сондай-ақ порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Порталда «Үшінші тұлғалардың анық-

тама алу сервисі» жүзеге асырылған. Үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы өзіне қатысты мәліметтер сұратылып отырған адам порталда жеке кабинеттен, сондай-ақ порталда тіркелген адамның ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы порталдың хабарламасына жауап ретінде бір реттік парольді жіберу немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен келісім берген жағдайда орындалады. Осындай қызметті алудың негізгі шарты – МАБ-қа тіркеу. МАБ-қа тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық басқармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апиольі қою» мемлекеттік қызметін көрсету үшін алушы ұсыынған өтінішті, талап етілетін құжаттарды және мәліметтерді алған күннен бастап «бір өтініш» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетудің төртінші реттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік баж алынады.

Осы қызмет үшін мемлекеттік баж төлемі «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (ЭУТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады. Портал арқылы «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметті алу үшін электрондық өтінім берілген жағдайда алушы қағаз нысанында нәтижесін алу үшін порталда шетел мемлекетінің («бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну елі) атауын және мемлекеттік корпорация филиалын қосымша таңдайды.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі келесідей:

- соттылықтың болуы туралы анықтама беру;
- 1) құжаттар топтамасын мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезден бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде 10 (он) минут;
- қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында 5 (бес) жұмыс күні;
- шетелге шыққан жағдайда;
- облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдеріне жүгінген кезде 5 (бес) жұмыс күні;

- Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне жүгінген кезде 10 (он) жұмыс күні.

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтуде ең жоғары жол берілетін уақыты 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің ең жоғары жол берілетін уақыты 15 (он бес) минут.

Құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушыға қосымша анықтамалық тексеріс жүргізген жағдайда 4 (төрт) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті алған кезден бастап 20 (жиырма) жұмыс күні өткеннен кейін қайта жүгінуге қажеттілігі туралы хабарландырып аралық жауап жолданады.

- әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы анықтама беру 15 (он бес) минут;

- мұрағаттық анықтама беру құжаттар топтамасын мемлекеттік корпорацияның астанада және республикалық маңызы бар қалаларда, облыс орталықтарында орналасқан филиалдарының бөлімдеріне тапсырған кезден бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде 8 (сегіз) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне жүгінген кезде 10 (он) жұмыс күні;

құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтуде ең жоғары жол берілетін уақыт – 15 (он бес) минут;

қызмет көрсетуге ең жоғары жол берілетін уақыт – 15 (он бес) минут.

- прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апиольі қою туралы анықтама беру – мемлекеттік корпорацияның облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан филиалдарының бөлімдеріне тапсырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне тапсырған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру және құжаттарды алу кезінде кезекте күтудің ең жоғары жол берілетін уақыт – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің ең жоғары жол берілетін уақыты – 15 (он бес) минут.

ДАХЫЛБЕКОВА, КРБП ҚСЖАЕК-нің облыс бойынша басқармасының қылымыстық саласында құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің прокуроры

Жұмысын тоқтатады

“ТлеК-Ком” ЖШС (БСН 060140023726) жабылуына байланысты өз жұмысын тоқтататынын хабарлайды.

Хабарламалар

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Казакстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (21-12). «Қызылорда қ. ПҚҚР АҚ МРБ өндірістік базасын сумен қамту жүйесін реконструкциялау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сааптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Казакстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-32-03) «Солтүстік Қарабұлақ кенішінде 9, 10, 21, 22 ұңғымасына кірме автожолдарын салу» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сааптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Казакстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (21-10-01). «Қарабұлақ кенішінде мұнай жинау жүйесі. №40 ұңғымадан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мем-

лекеттік экологиялық сааптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Казакстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (21-11-01). «Бұхарсай кенішінде мұнай жинау жүйесі. №24 ұңғымадан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сааптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Казакстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-57). «Құмкөл кенішінде мұнай және газ жинау жүйелерін жаңарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сааптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

● СЕНБІЛІК СҰХБАТ

Сұхбат кейіпкері Эльвира Бердәулетова – талай жасқа әлемнің есігін ашқан халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегері. Нидерландтағы ең ежелгі Лейден университетінің түлегі. Бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқытушы.

«Тілге жетік адам құлашын кең жаяды»

– Эльвира, «Болашақпен» оқуға қызығушылық неден басталды?
– Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің халықаралық қатынастар факультетін дипломатия мамандығы бойынша үздік дипломен аяқтадым. Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты немесе ҚМЭБИ университеті магистратурасының мемлекеттік басқару бағытында білімді жалғастырдым. Жұмыс істей жүріп, «Болашаққа» неге тапсырмасқа деген ой келді. КИМЭП-те оқығасын ағылшын тілінен менде мәселе болмады. Бірақ IELTS емтиханының нәтижесіне тезірек қол жеткізу үшін Лондонда үш айлық курста оқыдым. Таннан кешке дейін дамыл тапқаным жоқ. IELTS-та 7,5 балл жинап, бағым жанды.



– Осы жерде енді IELTS, TOEFL дегендерді ажыратып алайықшы...
– Бұлар – шетелдіктерге арналған ағылшын тілін анықтау емтихандары. IELTS-тің General және Academic деген түрлері бар. Оның біріншісін ағылшын тілді мемлекеттерде тұру, жұмыс істеу, ал екіншісін жырықта жоғары білім алу үшін тапсырады. Academic IELTS тыңдау, оқу, жазу және сөйлесу тапсырмаларын қамтиды. Мақсаты айқын адам қарқынды түрде үш ай дайындалса, 6-6,5 балл жинай алады.
– Бұл керек көрсеткіш пе?

– Бір білгенім, университеттің мәртебесі жоғарылаған сайын талап ететін IELTS шегі де жоғарылай түседі. Мен оқыған университетте – 7-7,5 балл шамасында. Корея, Түркияда одан төмен.
– Неге Нидерландты таңдадыңыз?
– Мен білімге құмар отбасыда тәрбиелендім. Үйіміз кітапқа толы. Бала күнімде күнделік жүргізетінімін. 12 жасымда соған «Өскеңде Нидерландтың Гаага қаласында оқып, жұмыс істеймін» деп жазыппын. Ол Лейден университетінде оқып жүргенімде есіме түсіп, таңғалдым. «Құлайдан түйе сұрасан, бие береді» деген рас. Арман орындалады! Оның үстіне, Лейден әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орындарымен, ғалымдармен тығыз байланыс орнатқан.



Күндіз жұмыс істеп, түнде диссертация жазуға тура келді. Аукымды шараларды өткіздік. Абайдың 175 жылдығы аясында ақынның қара сөздерін голланд тіліне аудару жобасына бастан-аяқ атсалыстым. Жолым болғаны, «Абай жолы» романының авторы Мұхтар Әуезовтің немересі Зифа-Алуа Әуезова Нидерландта тұрады екен. Голландыққа тұрмысқа шыққан. Лейден университетінің профессоры. Кітап тәржимасына сол кісімен бірге үлес қосқанымға қуанамын.

– Ол кісінің қазақшасы қалай екен?
– Жолдасы да, өзі де жақсы біледі, сөйлей алады. Өкінішке қарай, пандемия жағдайында кітаптың тұсаукесерін онлайн форматта ұйымдастырдық.
– Голландияны «қызғалдақтың Отаны» дейміз. Бірақ «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында Елбасы: «Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың тарихи отаны екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген», – деп теріске шығарды. Осы туралы ойыңыз...
– Қызғалдақ – Голландияның экспорттағы бірінші нөмірлі тауары. Оның «Tulipa Turkestanica» («Түркістандық қызғалдақ») деген түрі Голландияға Қазақстаннан Ұлы Жібек жолы арқылы жеткен. Елбасы да өз мақаласында: «Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бұр жарып, жер жүзіне таралған», – деп жазды.
– Голландияның табиғаты қандай?
– «Құдай – Жерді, нидерландтықтар Нидерландты жаратты» деген тәміл бар. Территориясының 70 процентін су алып жатқандықтан олар өмір бойы судан төнген қауіппен алысып келеді. Көбі білмеуі мүмкін, «дамба» сөзі голланд тілінен шыққан. Сол себепті жергілікті тұрғындар шағын аумақтың өзін өте тиімді пайдаланады. Нидерланд әлемде аграрлық өнім экспорты жөнінен екінші, ал тұқым экспорты бойынша бірінші орынға ие. Жылыжай шаруашылығы жақсы жолға қойылған.

– Тұрғындарың тұрмысы, дәстүріндегі өзгешелік неде?
– Ең бай голландтықтың өзі қымбат көлік мінбейді, қымбат киінбейді. Дүние жинамайды. Ақшаны далаға шашпайды. Оның орнына саяхаттағанды, пайдалы іспен айналысқанды дұрыс көреді. «Голландықтар – әлемдегі ең сараң халық» деген түсінік бар. Мысалы, сізді қонаққа шақырса, ас-суыңызды өзіңізбен ала баруға тиіссіз. Мейрамханаға барған жағдайда әркім өз шығынын тиініне дейін өзі көтереді. Сізбен кездесуге жарты сағатын бөлсе, тура сол уақытта әңгімені үзіп, түрегеліп кете береді. Өте бірбеткей. Бұлар көңіліме түрпідей тигенмен, өмір сүрудің тиімді тәсілі боп көрінді. Бірақ дастарқанды кенге жайып, арқа-жарқа боп отыратын қазаққа бәрібір ештеңе жетпейді! Бұл тек даракылық пен ысырапшылдыққа ұласпаса екен.

– Голландықтардан да үйренетініміз бар сияқты...

– Голландық дипломатты білем. Елшілік қызмет атқарған. Сөйте тұра інісі фермер боп жүр. Бізде қалай, ағасы шенеуніктің інісі де – шенеунік. Еуропалық жастар диплом алу үшін емес, нақты мақсатпен оқиды. Негізінен өздері бітірген салада жұмыс істейді.

– Нидерландты «Голландия» деу қаншалықты орынды?

– Нидерланд корольдігі – ресми атауы, Голландия – географиялық аймақ. Орыс патшасы Петр Еуропаны ашқанда Голландиямен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Мен Оңтүстік Голландия аймағында тұрдым. Ол кісі сол жерге жиі барған. Ресейге оралғасын: «Мен Голландияда болдым», – дейді екен. Сол атау әлі күнге топоним ретінде қолданылады.

– Тіл үйренуге қызығушылықты қалай оятуға болады?

– Оның тиімді жолдарын қолдану керек. Жапон тілін үйренгенде иероглифтерін қолыма жазып алатынмын. Үй тірлігін істегенде жаттап жүрем. Көзіңіз жиі түсетін жерлерге күніне бес сөз іліп қойып, қайталап отырсаңыз, жеткілікті. Сөздік арқылы да осылай өз бетінше тапсырма орындау ыңғайлы. Телефон режимі ағылшын тілінде болсын. Әуелі қиналасыз, біртіндеп көз үйренеді. Мүмкін емес мақсат қоюдың қажеті жоқ.

– Неше тіл білесіз?

– Қазақ, орыс, ағылшын, жапон тілдерін білемін. Французша үйреніп жүрмін. Өйткені арманым – Біріккен ұлттар ұйымында жұмыс істеу.

– Эльвира, «Болашақты» армандап жүргендерге айтарыңыз...

– 2016 жылғы статистикада Қызылорда облысы «Болашақпен» оқуға түсетіндердің саны жөнінен ең соңғы орында болды. Өйткені ағылшын тілін білу деңгейі төмен көрінеді. Сондықтан балаға ағылшын тілін мектепке барғаннан бастап үйрету керек. Қажетіне қарай курстарға қатыссын. Білімді, тілге жетік адам құшағын кенге жаяды.

– Өңіметіңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

● МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

Бөйтерек бейнеленген гобелен



Облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы «Ақмешіт» музейінде құнды дүниелер сақталған. Соның бірі – Қазақстанның белгілі суретшілері Әлібай және Сауле Бапановтардың қолынан шыққан кілемше.
Бір қарағанда тақыр кілем секілді көрінетін гобеленде су айтындағы және жер бетіндегі тіршілікті айқындайтын көріністер бейнеленген.

Сондай-ақ, шағын ғана кілемшеде қазақтың ұлттық құндылықтарының бәрі тоғысқан.
– «Бөйтерек» атты гобелен – негізінен көркем шығармашылық туынды. Ондағы бейнеленген әрбір детальға қарап, ұлтымызға тән дәстүрді, ғұрыпты көруге болады. Жалпы ерлі-зайыпты Бапановтардың қай шығармасын алсаң да, өзіндік ерекшелігімен көрермен жүрегің баурайды. Сондықтан да түрлі тақырыпта гобелен тоқып жүрген шеберлер туындылары ерекше бағаланады, – дейді «Ақмешіт» музейінің меңгерушісі Кенже Ахметова.

Жалпы музейде сақталған бұл экспонат 2006 жылы суретшілердің өз қолынан алынған. Жүн және мақта жіптерінен тоқылған кілемшенің көлемі 360х274.

Айта кетсек, суретшілердің тарих пен болашақ, ұлттық болмыс пен дәстүрді қамтыған мағынасы терең өнер туындылары жетерлік. Бүгінде олардың дені елімізде ғана емес, шетелдерде де көрмелерге қойылып келеді.

М.ОТАРАЛЫ

● ӨМІР ИІРІМДЕРІ

Ақмойнақтың ашуы

Ауылға жаңадан келген колхоз төрағасы Сайынның Дәмешке көз салып қырындағанына көп болған. Аудандағы жиын-жиналысқа қасынан қалдырмай алып жүруді әдетке айналдырған. Дикан келіншек звено жетекшісі, соңғы бірер жыл бойы өзіне бекітілген бидайдан жоғары өнім алып жүр. Осы жағын ескерген Сайынның ішкі есебінде көп құпия сыр жатқанын жұртшылық әртүрлі әңгімеге жорушы еді. «Колхоз бастық Дәмешті бір үй етіп қоймақшы. Қолын қақпауға шықты. Авансқа деп пұл, көмек деп ұн, майды жиі бергізеді, жиын-жиналысқа барғанда қасынан қалдырмайтын болды» деушілердің әңгімесі желдей есті. Мұны елеітін Сайын жоқ.

Дәмеш соғыс басталар жылы Жарылқапқа қосылған еді. Отау құрғандарына ай болмай жатып, ері әскерге аттанып кетті. Биыл бесінші жыл. Жарылқаптан былтыр «қара қағаз» келген. Мұның бәрін колхоз бастық жұрттан біліп алған. Дәмеш жесір. Биыл отызға шығады. Құлын денесінде бір мін жоқ. Қою шашы иығына төгіліп тұр. Ботаның көзінде сүп-сүйкімді бет әлпетіне Сайын өлердей ғашық. Күйіп-жанып талай сыр ағытқан, буынына түскен.

– Бүгін кешке үйіне соғармын, Дәмеш. Жақсылап шай әзірле. Сырласайық, – деп Сайын ағынан жарылды. – Есік алдындағы Ақмойнағын үйге кіргізбей жүрмесін. Байлап қой.

Дәмеш үнсіз ғана сыпайылық танытты. Бастық кет әрі емесін сезді. Сайын жаяулатып келеді. Ешкім сезбесе екен дейді. Түн мезгілінде былғары плащ киіп алған колхоз бастық есік қақты. Байлаулы Ақмойнақ шынжырды үздердей жұлқынып, шанды бұрқыратып тұр.

– Кет әрі! – деді Сайын қатқыл үнмен.

– Жат, жағың қарысқыр! – деді Дәмеш.

Ақмойнақ одан сайын өршеленді. Шынжыр үзілсе былғары плащтың тоз-тозын шығарар екпін бар. Дәмешке де ызалы ма, қалай?!

– Осы ит бүгін күн бойы дамылсыз ұрумен, үй маңайын иіскеумен болды. Бейтаныстың күні бұрын келетінін білетін пәле өзі, – деп Дәмеш сылқ-сылқ күлді.

Сайын үйге кірді, есік ілінді. Дастарқан жаюлы, шай бастықтың терін бұрқыратты. Көп сырласты. Түннің біраз уақыты болды. Итте бағанағы дыбыс жоқ, шаршаған болар.

– Жаксы, Дәмеш! Кездескенше күн жақсы болғай.

– Жаксы, Сайын! – деп Дәмеш нұрланған жүзімен бастықтың қолтығынан демеді.

Кенет терезе сатыр-сұтыр етті. Ақмойнақ шынжырын үзіп төргі бөлмедегі Сайынның жағасынан ала кетті. Терезе сынығынан үсті-басы қан болған иттің ызасы қайтар емес. Келіншек ішкі бөлмеден оқтау ала шығып ұрды. Ит қатты таяқтан белі бүктетіле терезеден шықты. Далада әлі ырылдап тұр. Аузында Сайынның былғары плащтің жыртылған жағасын тістеп алған, көзі қып-қызыл.

Дәмеш сыртқа шығып, Ақмойнаққа оқтауды құлаштай дақтырды. Сайын мазасыз күйге түсті. Жағасы жұлынған плащті қолтығына қысып, үйіне жеткенше асықты. Киімді қорадағы машинаға дақтырды. Зайыбы сұрап еді, «ыстықтадым, машинада» деп жауап қатты.

Содан Сайын бірер апта жұмысқа шықпай қалды. Бет-аузы жара. «Колхоз бастық итке таланыпты, плащтің

былғары жағасын жұлған ит кімдікі болды екен?» деген өсек ел ішінде гу-гу етті. Көп ұзамай есеп беретін сайлауға қатыспағаны үшін орнынан босап, басқа бір азамат төраға болып сайланды.

Күшкік кезінен сүйікті жары Жарылқап асыраған Ақмойнақ жоғалды. Дәмеш ауыл үйді кезіп шықты. Жәңгір атаның үйген шөмелесі бар болатын. Жол-жөнекей жүргіншілер қарауытқан бір нәрсені көріп қалып, үстіне шықса керек. Сөйтсе аузына былғары плащтің жыртылған жағасын тістеген өлі ит жатыр.

– Ой, мынау Дәмештің Ақмойнағы ғой!

– Иә, жыртылған былғары плащтің жағасы кімдікі екен?

– Ауылда жалғыз ғана былғары плащ Сайында бар еді. Ой, мына жаға колхоз бастық Сайынның жағасы, – деді екінші біреу.

– Иә, бастықтың жағасы. Былғары жаға колхоз бастықта ғана емес пе? Дәмешке хабар жетті. «Ақмойнағың шөмеле үстінде өліп жатыр»

Әңгіме рас болып шықты. Жа-зықсыз таякқа жығылған Ақмойнақ ызыланып өлгенін кім білсін. Дәмеш өксігін баса алмай, итті бір жиденің түбіне көмді. Құданың күдіреті аузындағы былғары плащтің жағасын жұлып алу мүмкін болмады, тісімен жабысып қатып қалғанын көріп, Дәмеш аң-таң күйге түсті. Мұны ешкім естімесін деп үйде жатып алды.

Ел ішінде гу-гу әңгіме өрбіді. «Дәмештің иті былғары плащтің жағасын тістеп өліпті».

О, Құдірет, бұған қалай таңыр-камассың?!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

fb www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

tw https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

ig www.instagram.com/syrboyikz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 27625

Тапсырыс №65

Кезекші редактор **Айдана ЖҰМАДИНОВА**